

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІІМ БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ  
атындағы  
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ**

**Заң институты**

**Қылмыстық құқық және криминология**

**БЕКІТЕМІН**

Академия бастығының  
оқу ісі жөніндегі орынбасары,  
з.ғ.д., профессор  
полиция полковнигі  
З.С.Токубаев \_\_\_\_\_  
2016 жыл «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_

Пән бойынша

**ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН**

KR КК 2104 - Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы  
(Ерекше бөлім)

5B030300 «Құқық қорғау қызметі» мамандығына арналған

курс. 2  
семестр. 4  
кредит саны. 3

**Қарағанды - 2016**

Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы (ерекше бөлімі) пәні бойынша 5В030300 «Құқық қорғау қызметі» мамандығына арналған оқу-әдістемелік кешені.

Құрастырған. қылмыстық құқық және криминология кафедрасының оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі полиция майоры Н.С.Сембиев.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы (ерекше бөлімі) пәні бойынша оқу-әдістемелік кешенінде оқу пәнінің дәріс тезистері, семинар және практикалық сабақтардың жоспарлары, тақырыптар бойынша әдістемелік талдаулар, білім алушы оқытушының жетекшілігімен өзіндік жұмыс жасау жоспары, пән бойынша жазбаша жұмыстар тақырыптары, өзін бақылау үшін тест тапсырмалары, үлгерімді бақылау нысандары қамтылған.

5В030300 «Құқық қорғау қызметі» мамандығына бойынша білім алушыларға арналған.

Қылмыстық құқық және криминология кафедрасы мәжілісінде талқыланды 2016 жылдың «\_26\_» \_\_мамыр\_\_ №\_20\_\_ хаттама

Қылмыстық құқық және криминология  
кафедрасының бастығы  
полиция полковнигі

С.Қ.Алтайбаев

Академияның оқу-әдістемелік кеңес мәжілісінде мақұлданды. 2016 жылғы «15» \_\_маусым\_\_ №\_10\_ хаттама.

© Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Б.Бейсенов атындағы  
Қарағанды академиясы 2016 жыл

## МАЗМҰНЫ

№	Құжаттар тізімі
1.	Типтік оқу бағдарламасы (міндетті пәндер компоненті үшін)
2.	Пәннің жұмыстық оқу бағдарламасы (Syllabus)
3.	Пән бойынша жазба жұмыстарының тақырыптары және оны орындау бойынша әдістемелік ұсыным
4.	Барлық практика (тәжірибе) түрлерін өту бойынша әдістемелік нұсқаулық, сонымен қатар ұсынылатын есептердің үлгілері, олар бойынша есеп құжаттамаларының түрлері
5.	Білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау және бағалау бойынша материалдар (өзіндік бақылауға арналған тест тапсырмалары, жазба жұмыстарының тақырыбы, емтихан сұрақтарының тізімі және межелік бақылауға арналған сұрақтар)
6.	Дәріс кешені (немесе пән бойынша жарияланған дәріс курсы)
7.	Иллюстративті және үлестірмелі материалдар
8.	Оқу сабақтарын бағдарламалық және мультимедиялық қамтамасыз ету
9.	Пәннің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілу картасы (ПОӘҚЕК)
10.	ОӘК білім алушылардың оқу жылы барысында жинаған жұмыс жинақтары кіргізіледі (курстық жұмыстар, рефераттар, баяндамалар, бақылау жұмыстары және т.б.).

## ОӘК өзгертулер енгізілгені туралы мәлімет

№	Өзгертулер мен толықтырулар енгізілген ОӘК элементі	Өзгерту енгізілген күні	Күні, кафедра мәжілісінің хаттама №	Кафедра бастығының қолы	Ескерту
	Тақырыптық жоспар 2017-2018 оқу жылы	05.05.2017 ж.	Хаттама №20 05.05.2017 ж.		
	Тақырыптық жоспар 2018-2019 оқу жылы	14.05.2018 ж.	Хаттама №22 14.05.2018 ж.		

--	--	--	--	--	--

## 4. Пән бойынша жазба жұмыстарының тақырыптары және оны орындау бойынша әдістемелік ұсыным

### 4.1. Реферат тақырыптары

1. Аса қатыгездікпен адам өлтірудің қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
2. Бұзақылық ниетпен адам өлтірудің қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
3. Қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде денсаулыққа ауыр зиян келтірудің қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
4. Аффект жағдайында денсаулыққа зиян келтірудің қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
5. Қылмыс жасаған адамды ұстау кезінде денсаулыққа ауыр зиян келтірудің қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
6. Соз ауруын жұқтырудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
7. Кәмелетке толмаған адамды қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға тартудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
8. Баланы ауыстырудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы..
9. Баланы асырап алу құпиясын жария етудің қылмыстық-құқықтық сипаттамасы..
10. Қорғаншы немесе қамқоршы құқықтарын теріс пайдаланудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
11. Кәмелетке толмағандар саудасының қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
12. Жеке өмірге қолсұғылмаушылықты және Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасын бұзу.
13. Хат жазысу, телефонмен сөйлесу, почта, телеграф хабарларының немесе өзге хабарлар құпиясын заңсыз бұзудың сипаттамасы.
14. Сайлау құжаттарын, референдум құжаттарын бұрмалау немесе дауыстарды қате есептеу.
15. Жиналыс, митинг, бой көрсету, шеру өткізуге, пикет жасауға немесе оларға қатысуға кедергі жасау.
16. Журналистің заңды кәсіптік қызметіне кедергі келтіру.
17. Басқыншылық соғысты жоспарлау, дайындау, тұтандыру немесе жүргізу
18. Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздыру
19. Жаппай қырып-жою қаруын өндіру, иемдену немесе өткізу
20. Мемлекетке опасыздық жасау
21. Тыңшылық
22. Сепаратистік әрекет
23. Ұрлықтың сипаттамасы.
24. Алаяқтықтың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
25. Ұрлықтың тонаудан айырмашылығы.
26. Тонаудың қарақшылықтан айырмашылығы.

27. Сеніп тапсырылған мүлікті иемдену және ысырап ету.
28. Ерекше құнды заттарды ұрлау
29. Заңсыз кәсіпкерлік, заңсыз банктік қызмет.
30. Банкроттықпен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар
31. Жалған ақша немесе бағалы қағаздар жасау, сақтау, алып өту немесе өткізудің қауіптілігі.
32. Қаржы валюта заңдылықтары саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар
33. Салық және басқа да міндетті төлемдер төлеуден жалтарудың зардабы.
34. Рейдерлік
35. Ақпаратқа, ақпараттық жүйеге немесе ақпараттық-коммуникациялық желіге құқыққа сыйымсыз қол жеткізудің қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
36. Қолжетімділігі шектелген электрондық ақпараттық ресурстарды құқыққа сыйымсыз тарату саралану мәселелері.
37. Өкілеттіктерді теріс пайдалану қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
38. Параға коммерциялық сатып алу
39. Міндеттеріне адал қарамау
40. Терроризм актісінің сипаттамасы.
41. Адамды кепілге алудың сипаттамасы.
42. Трансұлттық ұйымдасқан топ, трансұлттық қылмыстық ұйым құру және оларға басшылық ету, сол сияқты оларға қатысудың сипаттамасы
43. Жаппай тәртіпсіздіктер саралану мәселелері.
44. Радиоактивті заттармен, радиоактивті қалдықтармен, ядролық материалдармен заңсыз жұмыс істеудің сипаттамасы.
45. Қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды және жарылыс құрылғыларын заңсыз иемдену, беру, өткізу, сақтау, тасымалдау немесе алып жүрудің сипаттамасы.
46. Қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттар мен жарылыс құрылғыларын жымқыру не қорқытып алудың сипаттамасы.
47. Бұзақылықтың сипаттамасы.
48. Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді жымқыру не қорқытып алудың сипаттамасы.
49. Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді тұтыну үшін притондар ұйымдастыру немесе оларды ұстау және осы мақсаттар үшін үй-жайлар берудің сипаттамасы.
50. Заңсыз ойын бизнесін ұйымдастырудың сипаттамасы.
51. Жезөкшелікпен айналысуға тартудың сипаттамасы.
52. Кәмелетке толмағандардың порнографиялық бейнелері бар материалдарды немесе заттарды дайындау және олардың айналымы не оларды порнографиялық сипаттағы ойын-сауық іс-шараларына қатысу үшін тартудың сипаттамасы.
53. Заңсыз түсік жасаудың сипаттамасы.
54. Науқасқа көмек көрсетпеудің сипаттамасы.

55. Экологиялық тұрғыдан әлеуетті қауіпті химиялық немесе биологиялық заттармен жұмыс істеу кезінде экологиялық талаптарды бұзудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.

56. Атмосфераны ластаудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.

57. Қазақстан Республикасының континенттік қайраңы және Қазақстан Республикасының айрықша экономикалық аймағы туралы заңнаманы бұзудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.

58. Балық қорларын қорғау қағидаларын бұзудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.

59. Заңсыз аңшылықтың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.

60. Ормандарды жою немесе зақымдаудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.

61. Көлік құралдарын басқаратын адамдардың жол жүрісі немесе көлік құралдарын пайдалану қағидаларын бұзудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.

62. Жол-көлік оқиғасы болған жерден кетіп қалудың қауіптілігі.

63. Көлікте қолданылатын қағидаларды бұзудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.

64. Халықаралық ұшу қағидаларын бұзудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.

65. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар субъектісінің ұғымы.

66. Сыбайлас жемқорлықтың ұғымы.

67. Лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдаланудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.

68. Билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдаланудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.

69. Лауазымды адамның өкілеттіктерін иемденіп алудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.

70. Кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.

71. Заңды кәсіпкерлік қызметке кедергі жасаудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.

72. Пара алудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.

73. Пара берудің қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.

74. Парақорлыққа делдал болудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.

75. Қызметтік жалғандық жасаудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.

76. Қызметтегі әрекетсіздіктің қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.

77. Салғырттықтың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.

78. Мемлекеттік рәміздерді қорлаудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.

79. Қазақстан Республикасы Президентінің абыройы мен қадір-қасиетіне қол сұғу және оның қызметіне кедергі жасаудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.



80. Билік өкілін қорлаудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
81. Билік өкіліне қатысты күш қолданудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
82. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қасақана заңсыз кесіп өтудің қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
83. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын құқыққа қайшы өзгертудің қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
84. Жалған құжаттарды, мөртабандарды, мөрлерді, бланкілерді, мемлекеттік пошта төлемі белгілерін, мемлекеттік наградаларды қолдан жасау, дайындау немесе өткізудің қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
85. Жұмылдыруға шақырылудан жалтарудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
86. Өзінше билік етудің қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
87. Ақпаратты жасырын алудың арнайы техникалық құралдарын заңсыз дайындау, жасау, иемдену, өткізу немесе пайдаланудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
88. Көрінеу кінәсіз адамды қылмыстық жауаптылыққа тартудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
89. Көрінеу заңсыз ұстап алу, күзетпен қамауға алу немесе күзетпен ұстаудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
90. Айғақтар беруге мәжбүрлеудің қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
91. Сот төрелігін немесе сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыруға байланысты қорқыту немесе күш көрсету әрекеттерінің қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
92. Сотты құрметтемеудің қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
93. Қылмыстық құқық бұзушылықты жасырудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
94. Бас бостандығынан айыру орындарынан, қамақтан немесе күзетпен ұстаудан қашудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
95. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарға сот белгілеген әкімшілік қадағалаудан жалтарудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
96. Бұйрыққа бағынбау немесе оны өзгедей орындамаудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
97. Әскери қызметті атқарудан жалтару немесе бас тартудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
98. Қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызмет атқару қағидаларын бұзудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
99. Тұтқынға өз еркімен берілудің қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
100. Әскери мүлікті қасақана жою немесе бүлдірудің қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.

## 4.2. Бақылау жұмыстарының тақырыптары

1. Өмірге қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы;
2. Денсаулыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы;
3. Азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қылмыстық құқық бұзушылықтардың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы;
4. Жыныстық еркіндікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Жыныстық еркіндікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен түрлері, олардың қылмыстық-құқықтық мінездемесі.
5. Адамның бас бостандығына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы;
6. Адамның жеке басының ар-ожданы мен қадір-қасиетіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
7. Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен түрлері.
8. Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.
9. Отбасына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.
10. Кәмелетке толмағандардың ұғымы.
11. Адамның және азаматтың конституциялық және басқа да құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы.
12. Адамның және азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.
13. Адамның және азаматтардың саяси құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.
14. Адамның және азаматтардың еңбек құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.
15. Ақпарат саласындағы құқықтар мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.
16. Бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы және түрлері.
17. Бейбітшілікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар;
18. Адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар
19. Мемлекеттің конституциялық құрылыс негіздеріне және қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен түрлері.
20. Мемлекеттің конституциялық құрылысына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.
21. Мемлекеттің қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.
22. Конституциялық құрылыстың ұғымы.
23. Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен түрлері.
24. Талан-таражға салудың ұғымы және оның белгілері.
25. Талан-таражға салудың нысандары.

26. Талан-таражға салумен байланыссыз меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.
27. Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың затының белгілері.
28. Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен түрлері.
29. Заңды кәсіпкерлік қызметке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.
30. Банктік қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар.
31. Банкроттықпен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар.
32. Экономика саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар.
33. Салық және заңдылықтары кеден саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар.
34. Экономикалық қызмет саласындағы басқа да қылмыстық құқық бұзушылықтар.
35. Ақпараттық технологиялардың қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар ұғымы мен түрлері.
36. Коммерциялық және өзге ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен түрлері.
37. Коммерциялық және өзге ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъектісінің ұғымы.
38. Коммерциялық және өзге ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтардан айырмашылығы.
39. Қоғамның қауіпсіздігіне және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен түрлері.
40. Қоғамның қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.
41. Қауіпсіздік ережелерін бұзумен байланысты қоғамның қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.
42. Жұмыс істеу ережелерін бұзумен байланысты қоғамның қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.
43. Қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.
44. Қоғамдық қауіпсіздіктің ұғымы.
45. Қоғамдық тәртіптің ұғымы.
46. Халықтың денсаулығына және адамгершілікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен түрлері.
47. Есірткі заттардың немесе психотроптық заттардың заңсыз айналымымен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар.
48. Есірткі заттардың немесе психотроптық заттардың ұғымы.
49. Адамгершілікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.
50. Медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы және түрлері.
51. Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен түрлері.
52. Экологиялық талаптарды бұзумен байланысқан қылмыстық құқық бұзушылықтар.

53. Қоршаған ортаның элементтеріне қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар.
54. Жануарлар және өсімдіктер әлемдеріне қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар.
55. Көліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы.
56. Көліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері.
57. Көліктің және басқа да механикалық көлік құралдарының ұғымы.
58. Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас-жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен түрлері.
59. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъектісі.
60. Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас-жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері.
61. Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтардың коммерциялық және өзге ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардан айырмашылығы.
62. Басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен түрлері.
63. Қазақстан Республикасының беделіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар
64. Билік өкілдеріне және мемлекеттік органдардың басқару қызметін атқаратын өзге адамдарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.
65. Ресми құжаттар мен және мемлекеттік наградалармен жұмыс тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.
66. Өкімет өкілінің ұғымы.
67. Мемлекеттік шекараның белгілері.
68. Мемлекеттік шекараның ұғымы.
69. Сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен түрлері.
70. Сот төрелігінің лауазымды адамдарымен жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтар.
71. Басқа адамдармен жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтар.
72. Жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.
73. Әскери қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы және түрлері.
74. Бұйрыққа бағынбау немесе оны өзгедей орындамау.
75. Әскери қызметшілер арасында бағыныштылық қатынастар болмаған кезде олардың арасындағы өзара қарым- қатынастардың жарғылық қағидаларын бұзу.

### 4.3. Курстық жұмыстардың тақырыптары

№	Курстық жұмыстың тақырыбы
1.	ҚР Қылмыстық құқығының ұғымы, қағидалары, міндеттері мен жүйесі. ҚР қылмыстық саясаты
2.	Қылмыстық заң
3.	Қылмыс және қылмыстық теріс қылық ұғымдары
4.	Қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамы
5.	Қылмыстық құқық бұзушылықтың объектісі
6.	Қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағы
7.	Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъектісі
8.	Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағы
9.	Қылмыстық жауаптылық және оның негіздері
10.	Қылмыстық құқық бұзушылықтың көптілігі
11.	Қылмыстық құқық бұзушылықтың бірнеше мәрте жасалуы
12.	Қылмыстық құқық бұзушылықтың жиынтығы
13.	Қылмыстардың қайталануы, қылмыстардың қауіпті қайталануы
14.	Қасақана қылмыс жасау сатылары
15.	Қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысу
16.	Қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысушылардың түрлері
17.	Қажетті қорғаныс
18.	Аса қажеттілік
19.	Қолсұғушылық жасаған адамды ұстап алу кезінде зиян келтіру
20.	Жедел-ізвестіру іс-шараларын немесе жасырын тергеу әрекеттерін жүзеге асыру
21.	Негізді тәуекел ету
22.	Жаза ұғымы мен оның мақсаттары
23.	Жаза тағайындау
24.	Қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату
25.	Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы
26.	Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары
27.	Адам өлтіру
28.	Жаңа туған баланы анасының өлтіруі
29.	Аффект жағдайында жасалған адам өлтіру
30.	Қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде жасалған адам өлтіру
31.	Денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру
32.	Денсаулыққа қасақана ауырлығы орташа зиян келтіру
33.	Заңсыз түсік жасау
34.	Денсаулыққа абайсызда зиян келтіру
35.	Медицина немесе фармацевтика жұмыскерінің кәсіптік міндеттерін тиісінше орындамауы
36.	Зорлау
37.	Жас балаларды азғындық жолға түсіру
38.	Адам ұрлау

39.	Бас бостандығынан заңсыз айыру
40.	Адамды саудасы
41.	Жала жабу
42.	Қорлау
43.	Кәмелетке толмаған адамды қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға тарту
44.	Адамның және азаматтың тең құқықтылығын бұзу
45.	Тұрғынжайға қолсұғылмаушылықты бұзу
46.	Сайлау құқықтарын жүзеге асыруға немесе сайлау комиссияларының жұмысына кедергі жасау
47.	Басқыншылық соғысты тұтандыруға насихат жүргізу немесе жария түрде шақыру
48.	Геноцид
49.	Мемлекетке опасыздық жасау
50.	Сепаратистік әрекет
51.	Ұрлық
52.	Алаяқтық
53.	Тонау
54.	Қарақшылық
55.	Қорқытып алу
56.	Автомобильді немесе өзге де көлік құралын жымқыру мақсатынсыз құқыққа сыйымсыз иеленіп алу
57.	Бөтеннің мүлкін қасақана жою немесе бүлдіру
58.	Ақпаратты құқыққа сыйымсыз иеленіп алу
59.	Экономикалық контрабанда
60.	Терроризм актісі
61.	Адамды кепілге алу
62.	Бандитизм
63.	Қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды және жарылыс құрылғыларын заңсыз иемдену, беру, өткізу, сақтау, тасымалдау немесе алып жүру
64.	Қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттар мен жарылыс құрылғыларын жымқыру не қорқытып алу
65.	Бұзақылық
66.	Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатында заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау, жөнелту не өткізу
67.	Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді жымқыру не қорқытып алу
68.	Суларды ластау, қоқыстау немесе сарқу
69.	Жерді бүлдіру
70.	Жануарлар дүниесін қорғау қағидаларын бұзу
71.	Заңсыз аңшылық
72.	Пара алу
73.	Билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану

74.	Пара беру
75.	Билік өкіліне қатысты күш қолдану
76.	Өзінше билік ету
77.	Көрінеу заңсыз ұстап алу, күзетпен қамауға алу немесе күзетпен ұстау
78.	Айғақтар беруге мәжбүрлеу
79.	Әскери қызметшілер арасында бағыныштылық қатынастар болмаған кезде олардың арасындағы өзара қарым-қатынасының жарғылық қағидаларын бұзу
80.	Қашқындық

#### **4.4. Жазба жұмыстарын рәсімдеу және жазу бойынша әдістемелік ұсыным.**

Күндізгі оқу факультетінің курсанттары оқу жоспарына сәйкес кафедрамен бекітілген мерзім ішінде Қазақстан Республикасы Қылмыстық құқықтың Жалпы және Ерекше бөлімдері бойынша курстық жұмысты орындап, одан кейін қорғауға міндетті.

Орындалған курстық жұмыс заңгер білімді мамандар дайындауда сапалығын арттыруда ерекше, маңызды түрі болып табылады.

Тақырыппен жұмыс істеу курсанттарда шығармашылық ойлауды, ғылыми әдебиеттермен және басқа да қайнар көздермен жұмыс жүргізу дағдысын қалыптастыруды, білім деңгейін көтеруді, құқық ғылымына қызығушылықты арттырып, икемдейді.

Курстық жұмысты дайындау барысында, оны жазуға мәліметтер жинауда курсанттар қылмыстық құқық пәнін терең танып, қылмыстық заңды тәжірибеде қолданудағы қиыншылықтармен танысады, курсанттар бойында әр түрлі тәжірибеде кездесетін жағдайларда дұрыс жол табу, соған қатысты құқықтық нормаларды, құқықтық акт нормаларын дұрыс қолдана білу, өздерінің шешімдері мен ұсыныстарын сауатты келтіре білуге дағдыланады.

Сонымен қатар, курстық жұмыс курсанттың қылмыстық құқық курсына сай білімін толық және терең көрсете отырып, оның өз бетінше жұмыс істей алатындық деңгейін анықтайды.

Курстық жұмыс тақырыбы Қылмыстық құқықтың Жалпы және Ерекше бөлімдері курсының мәселелерінен құралып, жоғары деңгейде күрделілігімен ерекшеленеді де, соған орай арнайы терең зерттеуді қажет етеді. Кафедра нақты тақырыпты ұсына отырып оқу пәніне курс қызығушылығымен қоса тақырыпты қылмыстық құқық теориясымен талдануын да талап етеді.

Курстық жұмыс тақырыбы курсанттың өз қалауымен таңдалып алынады және кафедрада журналға тіркеледі, сонымен қатар бір топта ұқсас тақырып болмауы шарт.

Тақырыпты таңдауда қаралатын курстық жұмыстың сұрақтарын түсініп алуы керек. Кафедрамен таңдалған сұрақтарда жоспар үлгісі берілген, әр сұрақ нақты бір тақырып аясында қаралады.

Жүйелік жоспар кіріспеден, тақырыптың мазмұнын ашатын 3-4 сұрақтан, қорытындыдан және қолданылған әдебиеттенр мен әдебиеттердің қайнар көздер тізімінен құралады.

Кафедра әр курстық жұмыстың тақырыбына тақырып сұрақтарын ашуға қолданылған міндетті және қосымша әдебиеттер тізімін ұсынады. Осыған байланысты курстық жұмысты бастамас бұрын ұсынылған әдебиеттерді мұқият қарап шыққан дұрыс.

Әдебиеттерді қарау барысында түрлі әдебиеттердегі авторлардың пікірлерін жүйелі қолдануға ерекше назар аударып, қаралған сұрақ бойынша сілтемелердің дұрыс жазылуына, сот-тергеулік тәжірибенің мысалдарының жазылуына, өз көзқарасын дұрыс жаза білуге көңіл бөлу қажет. Осы аталғандардың барлығы курстық жұмыс жазу барысында орындалады.

Курстық жұмысты орындау қаралатын мәселені шешу үшін қажетті деңгейде әдебиеттерді қарағаннан кейін ғана басталады.

Жұмыстың кіріспесі нақты тақырып бойынша жалпы негізде баяндалады. Онда тақырып бойынша Қазақстан Республикасының Конституциясы, мемлекеттік және үкіметтік шешімдер, ғылыми тұрғыдан мәселе бойынша талданған облыстық, республикалық деңгейдегі криминологиялық баға беріліп, тақырыптың өзектілігі және оның теориядағы және тәжірибедегі қолданыс маңыздылығы айтылады.

Курстық жұмыстың басты мағыналық қызметі жұмыстың жоспарында белгіленген негізгі сұрақтарды орындау барысында қаралады. Яғни, осы сұрақтар арқылы тақырыптың ашылуы қаралып, зерттеудің мақсаты шешіледі.

Кафедра орындалған жұмыс мазмұнына келесідей міндетті талаптар қояды:

- ҚР Конституциясын және заң шығару базаларын қолдану;
- Қылмыстық құқық нормасын қолдану бойынша түсінік беретін (ҚР Жоғары Сот Пленумының қаулылары мен ҚР Жоғары Сот нормативтік қаулыларын) қолдану;
- Тақырып бойынша оқуға ұсынылған тізімдегі әдебиеттердің барынша (монографиялар, оқу құралдары, мақалалар және т.б.) көбірек қолдану. Сонымен қатар кафедрамен ұсынылған әдебиеттер тізімі курсанттың қалауы бойынша кеңейтілуі мүмкін;
- Теориялық ақпараттар мен шешімдерді республикалық және жергілікті соттық-тергеулік тәжірибе мысалдарымен негіздеу;
- Нақты қаралған сұрақтар бойынша әдебиеттердегі даулы көзқарастарға курсант өзінің ұстанымдарын құқық қорғау органдары қызметіндегі құқық қолдану және заңшығарушылықты жетілдіруде нақты ұсыныстары мен пікірлерін тиянақты құрып, мазмұндау;
- Қолданылған әдебиеттердің қайнар көздерін сілтемелер арқылы беру.



Жоспарда көрсетілген барлық сұрақтар қойылған талаптарға сай нақты қаралып, ашылуы қажет.

Курсанттың қарастырылған сұрақ аясындағы мәселелерді зерттеуде туындаған қандайда бір ұғымды талдаудағы көзқарасына да үлкен мән беріледі. Курсант тақырыптағы мәселелер бойынша авторлардың көзқарастарымен келісе келе, сонымен қатар, келіспеген жағдайда өзінің қарсы пікірін дәйекті түрде дәлелдемелер келтіруі керек.

Курстық жұмысқа жазылған қорытындыда зерттелген мәселе бойынша қысқаша шешімдер мен ұсынысыстар мазмұндалуы шарт.

Курстық жұмыстың соңында қолданылған әдебиеттердің қайнар көздер тізімі беріледі. Тақырыпты таңдау барысында қолданылған әдебиеттердің тізімі қалай құрылатындығына назар аударылады.

Курсанттар курстық жұмысты орындау - өз бетінше орындалатын, шығармашылық еңбек екенін білуі керек. Осыған байланысты жұмыстың басқа біреудің орындауымен немесе көшірмесін мүлдем ұсынуға болмайды. Жұмыс орындалғанда ұқыпты, әрі түсінікті қолмен, қатесіз және қысқартуларсыз, беттері номерленген, шетінен ашық жер қалдырылған талаптарды міндетті ұстанады.

Курстық жұмыстың бірінші бетінде(сыртында) өзі туралы мәліметтер, демек, аты-жөні, курсы, қабылданған жылы; тақырыптың атауы мен номері, тақырып қай кафедрадан өтетіндігі толық жазылады.

Дайындалған курстық жұмыс белгіленген уақытта кафедраға тексеріп, пікір-сарап жазуға ұсынылады. Кафедра қойған талаптарға сай орындалмаған курстық жұмыстар қорғауға жіберілмейді, орындаған курсантқа қайта орындауға немесе толықтырулар енгізуге қайтарылады. Жұмысқа қайтадан пікір-сарап жазу ұсынылған ескертулердің орнын толтырғаннан кейін ғана жүргізіледі. Жұмысты қайта орындағанда алғашқы жазылған пікір-сарап міндетті түрде қоса ұсынылады.

Курсанттың курстық жұмысты қорғауы тақырып бойынша қаралған барлық сұрақтарға және тақырып бойынша қосымша сұрақтарға ауызша жауап беруден тұрады. Егер пікір-сарапта сұрақтар бойынша қандайда-бір кемшіліктер болса, аталған кемшіліктер негізінде қосымша сұрақтар қойылады.

Курсанттардың орындаған курстық жұмыстарын кафедраның оқытушыларымен құрылған комиссия қабылдайды.

Белгіленген уақытта тақырып бойынша жазылған курстық жұмысты қорғай алмаған курсанттар қылмыстық құқық пәні бойынша ағымдағы емтихан тапсыруға жіберілмейді.

**Реферат** – курсант ұзақ мерзімде орындайтын, көлемі 10-18 баспа бетінен тұратын жазба жұмысы. Рефератты орындау дәрежесі мазмұнды және нысанды сапасына, сонымен қатар кім және не мақсатта оны қолданатына байланысты. Рефераттың тілдік құрылымына қойылатын талап: нақтылық, қысқашалық, түсініктілік және қарапайымдылық.

Рефератпен дайындық жұмысы тақырыпты тұжырымдаудан басталады. Тақырып зерттеу пәнін, одан күтілетін нәтижені белгілеп, болашақ мәтіннің

мазмұнын көрсетеді. Рефераттағы жұмыс сәтті болу үшін, тақырып мәселелі және мәселе жасырын болуы керек.

Сауатты құрылған тақырып оқу пәнін айқындайды; курсанттың міндеті – аталған пәнге қатысты ақпарат табу және қойылған мәселені шешу. Бұл міндетті орындау әдебиет көздерін іздеуден басталады. Әдебиет көздерімен жұмыс мәтінді қарай отырып, оның құрылымдық бірліктерін белгілеп, танымдық оқудан басталады.

Рефераттың мәтіні белгілі бір талаптарға бағынуы қажет: ол тақырыпты ашып, тұтастықта және байланыстықта болуы қажет. Тақырыпты ашу реферат мәтіндегі тақырып материалына қатыстыны баяндап және тақырып мәселесін шешу жолдарын ұсынады; мәтіннің байланыстылығы жекелеген бөліктердің мағыналық ара қатынасын ұйғарады, ал тұтастық – мәтіннің мағыналық тұрғыда аяқталғанын білдіреді.

Рефератты рәсімдеуге қойылатын талаптар:

Реферат көлесі 10-18 беттен тұрады. Жұмыс стандартты форматта парақтың бір бетінде орындалады. Жиіліктері: сол жақ жиігі – 3 см, оң жақ жиігі – 1 см, жоғары және төменгі жиіліктері – 2 см; Word мәтін редакторы, қаріп - Times New Roman, мөлшері - 14; жоларалығы – 1,5 ұсынылады. Рефераттың барлық беттері нөмірленуі қажет. Мәтіндегі әрбір мәселе жоспар-мазмұнның тиісті атауы мен тақырып атауы болғаны жөн.

Рефератты рәсімдеу және жазу барысында қателіктер жіберуге жол бермеу қажет, мәселен:

- таңдап алынған тақырыптың негізгі теориялық мәселелерін үстіртін баяндау;
- автор мәтінде қандай мәселе негізгі, қандай мәселе екінші кезекте екендігін түсінбеушілік;
- тарауда қарауда мәселелер рефератқа таңдап алынған тақырыптың негізгі аспектілерін ашпайды;
- ғаламтордан алынған реферат үлгілері, кітаптан, мақалалардан сөзбе-сөз жазып, көшіру.

**Барлық тақырыптар бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі: (3.7 тарауды қараңыз).**

**5. Практиканың (тәжірибенің) барлық түрлерін өту бойынша әдістемелік нұсқаулық, сонымен қатар олар бойынша есеп құжаттамасының түрлері**

«5В030300 – Құқық қорғау қызметі» мамандығынан «ҚР Қылмыстық құқығы (Ерекше бөлім)» пәні бойынша тәжірибеден өту қарастырылмаған.

**6. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау және бағалау бойынша материалдар (өзіндік бақылауға арналған тест тапсырмалары, жазба жұмыстарының тақырыбы, емтихан сұрақтарының тізімі және межелік бақылауға арналған сұрақтар)**

1. Жай адам өлтірудің кеңінен таралған түрі (ҚР ҚК 99 б.):  
А. адамдар тобының өлтіруі  
В. бірнеше рет кісі өлтіруі  
С. ұрыс пен төбелес кезінде кісі өлтіруі  
Д. қанды кек себебі бойынша кісі өлтіруі  
Е. аса қатігездікпен кісі өлтіруі

2. Жеке адамға қарсы қылмыстарына жатпайды:  
А. кісі өлтіру  
В. қорқыту  
С. азаптау  
Д. мемлекеттік немесе қоғамдық қайраткердің өміріне қол сұғу  
Е. адамды ұрлау

3. Басқа адамға құқыққа қарсы қасақана қаза келтірудің субъектісі болып табылады:  
А. 24 жасқа толған есі дұрыс жеке адам  
В. есі дұрыс 18 жасқа толған жеке адам  
С. есі дұрыс 14 жасқа толған жеке адам  
Д. есі дұрыс 12 жасқа толған жеке адам  
Е. есі дұрыс 20 жасқа толған жеке адам

4. 2007 жылғы 11 мамырдағы ҚР ЖС нормативтік қаулысына сәйкес ҚК 99-бабы 2 б. 3т) тармағы бойынша дәрменсіз жағдайға не жатады:  
А. жас балалар, қартайған және ауыр науқас адамдар, сондай-ақ

психикалық ауытқудан зардап шегуші адамдар жатқызылуы мүмкін.  
В. адамды ұрып соғып, сосын өлтіру  
С. аса қатігездікпен адамды өлтірсе  
Д. жәбірленушінің мүшелерін немесе тінін пайдалану мақсатымен өлтірсе  
Е. жүкті екендігі айыпкерге белгілі әйелді, көптеген адамдардың өміріне қауіпті тәсілмен жасалған

5. ҚР ҚК 99-бабының құрамы құрылысына байланысты:  
А. формальды құрам  
В. материалды құрам  
С. формальды-материалды құрам  
Д. келте құрам  
Е. жай құрам

6. Төмендегілердің қай қылмыс түрі формальды құрамға жатады:  
А. адам өлтіру, тонау  
В. жала жабу, қорлау  
С. қорлау, зорлау  
Д. ұрлық, айдап кету  
Е. зорлау, денсаулыққа қасақана зиян келтіру

7. Қай қылмыстар денсаулыққа қарсы қылмыстарға жатады (ҚР ҚК Ерекше бөлім 1-тарау):  
А. денсаулыққа абайсызда зиян келтіру  
В. ауаны ластау  
С. азаптау  
Д. қарақшылық  
Е. абайсызда қаза келтіру

8. «Адам ұрлаудың» (ҚР ҚК125-б.)  
«Бас бостандығынан заңсыз  
айырудан» (ҚР ҚК 126-б.)  
айырмасы:

- А. қылмыстың объектісі бойынша
- В. қылмыстың объективтік жағы мен субъектісі бойынша
- С. қылмыстың субъективтік жағы бойынша
- Д. мақсаты бойынша
- Е. қылмыстың субъектісі бойынша

9. «Адам өлтірудің» түрлері (ҚР ҚК Ерекше бөлімінің 1-тарауына жатады):

- А. қарапайым
- В. аса ауырлататын мән-жаймен
- С. жаңа туған сәбиді анасының өлтіруі
- Д. абайсызда қаза келтіру
- Е. жеңілдететін және ауырлататын мән-жайда адам өлтіру

10. «Жеке адамға қарсы қылмыстарға» (ҚР ҚК Ерекше бөлімінің 1-тарауына) жатады:

- А. өмірге қарсы қылмыстар
- В. денсаулыққа қарсы қылмыстар
- С. экономикалық қылмыстар
- Д. әскери қылмыстар
- Е. отбасы және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстар

11. «Зорлау» (ҚР ҚК 120-б. 2 б. «1»-т.) адамдар тобымен жасалған деп танылады :

- А. екі немесе одан да көп орындаушылардың бір жәбірленушіге қатысты зорлауы, сонымен қатар бірнеше әйелге қатысты жыныстық қатынас жасау
- В. көп орындаушылардың бір жәбірленушіге қатысты зорлауы, бірнеше әйелге қатысты

психикалық және физикалық күш қолдану содан кейін әр қайсысы бір әйелмен жыныстық қатынасқа түскенде

- С. бір әйелге қатысты психикалық және физикалық күш қолдану кінәлі адамдармен келісімді түрде болса
- Д. қылмыстық ұйым бір жәбірленушіге қатысты зорлау жасағанда
- Е. қылмыс бір не одан да көп орындаушылармен жасалғанда

12. «Зорлау» (ҚР ҚК 120-б. 1-б.) деп түсініледі:

- А. жәбірленушіге немесе басқа адамдарға күш қолданып немесе оны қолдану қатерін төндіріп, не жәбірленушінің дәрменсіз күйін пайдаланып жыныстық қатынас жасау
- В. жәбірленушінің еркімен табиғи түрде жыныстық қатынас жасау
- С. жәбірленушіге немесе басқа адамдарға күш қолданып немесе оны қолданбақшы болып қорқытып, не жәбірленушінің дәрменсіз күйін пайдаланып табиғи емес жыныстық қатынас жасау
- Д. күш қолданбау арқылы жыныстық қатынас жасау
- Е. психикалық және күш қолданбау арқылы жыныстық қатынас жасау

13. «Науқасқа көмек көрсетпеудің» (ҚР ҚК 320-б. 1-б.) объективтік белгілері:

- А. науқасқа көмек көрсетуге міндетті адамның дәлілсіз себептермен көмек көрсетпеуі
- В. егер бұл жәбірленушінің өліміне әкеп соқса
- С. егер бұл ауыр зардаптарға әкеп соқса

Д. ҚР заңына сәйкес немесе арнайы көмек көрсетуге міндетті адамның әрекеті

Е. егер бұл қасақана науқастың денсаулығына орташа ауырлықтағы зиян келтіруге әкеп соқса

14. Төмендегілердің қайсысы формальды құрамды қылмыс болып танылады:

А. бас бостандығынан заңсыз айыру, зорлау

В. қорлау, нәсіпқұмарлық сипаттағы күш қолдану

С. тонау

Д. ұрлық

Е. сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету

15. Абайсызда қазаға ұшырату ауырлататын мән-жайлар кезінде жасалуы мүмкін бе (ҚК 104 б.):

А. иә, егер ол бұзақылық ниетімен жасалса

В. жоқ

С. иә, екі немесе одан көп адамды өлтіру

Д. иә, егер бұрын сотталған болса

Е. иә, пайда табу мақсатымен жасалса

16. Аффект жағдайында болған адам өлтірудің сараланған түрі келесідей мән-жайлар кезінде жасалса орын алады (ҚР ҚК 98 б. 2 б.):

А. ҚР ҚК 101 б. 1 бөлігінде аталған мән-жайлар кезінде жасалған екі немесе одан да көп адамды өлтіру

В. әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік өшпенділік себебі бойынша

С. аса қатыгездікпен жасалған

Д. көптеген адамдардың өміріне қауіпті тәсілмен жасалған

Е. пайда табу мақсатымен

17. Өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізудің (ҚР ҚК 105-бабы)

объектісі:

А. азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастар

В. адамның физикалық қол сұғылмаушылық құқығын қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастар

С. адамның денсаулығы

Д. адам мен азаматтардың өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастар

Е. адамның ар-намысы мен қадір-қасиеті

18. 2007 жылғы 11 мамырдағы ҚР ЖС нормативтік қаулысына сәйкес екі немесе одан да көп адамдарды өлтірген жағдайға не жатады:

А. бірде-біреуі үшін сотталмаған немесе заңмен белгіленген негіздер бойынша қылмыстық

жауаптылықтан босатылған

жағдайда, екі және одан да көп әрекеттерді жасаған кездер

В. кінәлінің бір мезгілде бірнеше адамға қаза келтіру ниеті негіз болып табылады.

С. бір адамды өлтіру және басқа адамды өлтіруге оқталғандық жасау

Д. дұрыс жауабы жоқ

Е. түрлі ниетпен бір адамды өлтіру және басқа адамды өлтіруге дайындық жасау

19. Өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізудің (ҚР ҚК 105-бабы) әдістері:

- A. заңға қайшы негіздермен жұмысынан шығару
- B. адами қадір-қасиетін үнемі қорлау арқылы
- C. ұрып-соғу
- D. азаптау
- E. қызығушылықпен қарау

20. Өмірге қол сұғушылыққа жатпайды:

- A. кісі өлтіру
- B. жаңа туған сәбиді анасының өлтіруі
- C. өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу
- D. денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру
- E. абайсызда кісі өлтіру

21. Келтірілген зиянды ауыр деп санауға негіз беретін негізгі белгілерінің бірі болып табылады:

- A. денсаулығының ұзаққа бұзылуы
- B. жалпы еңбек қабілетінің кемінде үштен бірін тұрақты түрде жоғалтуға ұштасқан
- C. түсік тастауы
- D. денсаулығының қысқа мерзімдей бұзылуы
- E. жарақаттар мен гематомалар

22. ҚР ҚК 110-бабында (қинау) көзделген қылмыстың субъективті жағы кінәнің қай түрімен сипатталады:

- A. тікелей қасақаналық
- B. жанама қасақаналық
- C. тікелей және жанама қасақаналық
- D. менмендікпен
- E. кенеттен пайда болған қасақаналық

23. ҚР ҚК 110-бабында (қинау) көзделген қылмыстың объективті жағы немен сипатталады:

- A. ұрып-соғу
- B. психикалық күш көрсету
- C. тән немесе психикалық күш көрсету
- D. ұдайы ұрып-соғу немесе өзге де күш қолдану әрекеттері арқылы тән зардабына немесе психикалық зардап шегуге ұшырату, егер бұл іс-әрекет денсаулыққа ауыр немесе ауырлығы орташа зиян келтіруге әкеп соқпаса
- E. тән зардабын шегуге әкеп соққан күш қолдану

24. Қорқыту деп:

- A. өлтірумен қорқыту
- B. денсаулыққа ауыр зиян келтірумен
- C. адамның жеке басына өзгедей ауыр күш қолданумен не мүлікті өртеп жоюмен
- D. жарылыс жасаумен немесе өзге жалпы қауіпті тәсілмен қорқыту
- E. жоғарыда көрсетілгендердің барлығы

25. Зорлау аяқталды деп саналады (ҚР ҚК 120-бабы):

- A. белгілі бір зардаптың келуі
- B. жыныстық құмарлықты қандырғаннан кейін
- C. жыныстық қатынастың басталуынан бастап
- D. соққыға жығу, жәбірленушіні шешіндіру
- E. ниеттің анықталуы

26. 2007 жылғы 11 мамырдағы ҚР ЖС нормативтік қаулысына сәйкес ҚК 120-бабының үшінші бөлігінде көзделген өзге ауыр зардаптар деп нені түсіну керек:

- A. қылмысты жасаудың нәтижесінде жүкті болуды немесе жүктіліктің үзілуін, жәбірленушінің

өзін-өзі өлтіруін, психикалық ауру және тағыда басқалардың орын алуын түсіну керек

В. масқаралайтын мәліметтерді жариялау

С. мүлікті құртамын деп қорқыту және оны құртуды түсіну керек

Д. зорлау барысында жәбірленушінің киімдерінің жыртылуы немесе өзінде болған құнды заттардың жарамсыздануын түсіну керек

Е. өзін масқаралайтын мәліметтерді таратамын деп қорқытуды түсіну керек

27. Адамды ұрлаудың (125-бабы) тікелей негізгі объектісі болып табылады:

А. адамның физикалық жеке бостандығы

В. адамның қауіпсіздігі

С. адамның денсаулығы

Д. меншік қатынастары

Е. адамның ар-намысы мен қадір-қасиеті

28. Кісі өлтірудің ұғымы:

А. басқа адамға қаза келтіру

В. басқа адамға қасақана немесе абайсыздықта қаза келтіру

С. басқа адамға абайсыздықта қаза келтіру

Д. басқа адамды құқыққа қарсы қасақана қазаға ұшырату

Е. өмірінен айыру

29. Өмірдің бастапқы кезеңі болып табылады:

А. эмбрионның қалыптасуының басталуы

В. анасының құрсағынан бөлінуі

С. баланың дем ала бастаған уақыты

Д. қалыпты физиологиялық толғақтың басталған уақыты

Е. баланы көтеру

∨

[А]

30. 2007 жылғы 11 мамырдағы ҚР ЖС нормативтік қаулысына сәйкес ҚК 96-бабы 2 б. д) тармағы бойынша аса қатыгездікпен адамдарды өлтірген жағдайға не жатады:

А. атыс қарумен жүрегіне атып өлтіру

В. жәбірленушіні өлер алдында ұрып-соғу немесе жарақаттардың көп болуы, ұзақ уақыт бойы азаптау және т.б. өлтіру

С. пышақпен тамырын кесіп өлтіру

Д. басқа қылмысты жасыру немесе оны жасауды жеңілдету мақсатымен жасалса

Е. дәрменсіз жағдайда екендігі айыпкерге белгілі адамды, сол сияқты адамды ұрлаумен ұштасса

31. Кісі өлтіру құрылысына байланысты:

А. формальды

В. материалды

С. келте

Д. тек қана формальды

Е. жеңілдететін

32. Пайда табу мақсатымен кісі өлтіру қандай түріне жатады:

А. жай

В. сараланған

С. артықшылығы бар

Д. негізгі

Е. келте

33. Жаңа туған баланы өлтірудің (ҚР ҚК 100-бабы) субъектісі болып табылады:

А. жұбайы

В. жақын туыстары

С. жаңа туған сәбидің апасы



Д. кез келген адам  
Е. тек қана жаңа туған сәбидің анасы

34. Аффект жағдайында жасалған адам өлтіру (ҚР ҚК 101-бабы) субъективтік жағынан қалай жасалады:

- А. қасақана
- В. тікелей қасақаналық
- С. жанама қасақаналық
- Д. абайсызда
- Е. немқұрайдылықпен

35. 2007 жылғы 11 мамырдағы ҚР ЖС нормативтік қаулысына сәйкес, зорлау барысында кінәлі абайсызда жол берген жәбірленушілердің өлімі қосымша саралауды қажет етеді ме:

- А. қайғылы оқиға кезінде қажет етеді
- В. жәбірленушінің өзін-өзі қорғауы кезінде қажет етеді
- С. жәбірленушінің өліміне қатысты кінә абайсыздықта болса қажет етеді
- Д. кінәлі абайсызда жол берген жәбірленушілердің өлімі қосымша саралауды қажет етпейді, тиісінше ҚК 120-бабының үшінші бөлігімен қамтылады
- Е. барлық жауап дұрыс емес

36. Абайсызда жәбірленушінің өліміне әкеп соққан денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру жатады:

- А. қасақана қылмысқа
- В. абайсызда жасалған қылмысқа
- С. кінәнің екі нысанымен жасалған қылмысқа
- Д. абайсыздықпен жасалған әрекетке
- Е. ниеті қасақаналықпен ал зардабы абайсызда

37. Заңсыз түсік жасаудың (ҚР ҚК 319-бабы, 1 б.) субъектісі кім болып табылады:

- А. кез келген адам
- В. тиісті бейіндегі жоғары медициналық білімі жоқ адам
- С. кез келген медициналық қызметкер
- Д. ҚР ҚК 319-бабына байланысты дәрігер немесе кез келген адам
- Е. медициналық институттың студенті

38. Заңсыз түсік жасаудың ҚР ҚК 319-бабының 3 б. субъектісі кім бола алады:

- А. кез келген адам
- В. арнайы жоғары білімі жоқ адам
- С. кез келген медициналық қызметкер
- Д. тиісті бейіндегі жоғары медициналық білімі бар адам
- Е. жоғары медициналық білімі бар адам

39. Науқасқа көмек көрсетпеудің субъектісі кім бола алады:

- А. кез келген адам
- В. кез келген медициналық қызметкер
- С. жұмысындағы медициналық қызметкер
- Д. ҚР заңына сәйкес немесе арнайы қағида бойынша науқасқа көмек көрсетуге міндетті адам
- Е. лауазымды адам

40. Жай кісі өлтіруге жатады:

- А. қызғаншақтық себебімен кісі өлтіру
- В. қанды кек себебімен кісі өлтіру
- С. бұзақылық ниетпен
- Д. пайда табу мақсатымен
- Е. аса қатыгездікпен

41. Абайсызда қазаға ұшырату:

- А. еңбекті қорғау ережелерін бұзу кезінде кісі өлтіру
- В. жол қозғалысы ережелерін бұзу кезінде кісі өлтіру
- С. заңсыз аборт жасау кезінде кісі өлтіру
- Д. ҚР ҚК 104-бабында көзделген кісі өлтіру
- Е. жан күйзелісі жағдайында кісі өлтіру

42. Зорлау және өзге де нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдану әрекеттерімен байланысты қылмыстарды саралаудың кейбір мәселелері туралы ҚР ЖС нормативтік қаулысы қашан қабылданды:

- А. 2007 жылғы 11 маусымда
- В. 2007 жылғы 11 мамырда
- С. 2007 жылғы 17 қаңтарда
- Д. 2007 жылғы 14 шілдеде
- Е. 2007 жылғы 11 желтоқсанда

43. Денсаулыққа абайсызда зиян келтіру қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғады, егер:

- А. денсаулыққа абайсызда ауыр зиян келтіру
- В. денсаулыққа абайсызда орташа ауырлықтағы және ауыр зиян келтіру
- С. денсаулыққа абайсызда ауырлығы орташа зиян келтіру, абайсызда екі немесе одан да көп адамның денсаулығына ауырлығы орташа зиян келтіру, абайсызда денсаулыққа ауыр зиян келтіру, абайсызда екі немесе одан да көп адамның денсаулығына ауыр зиян келтіру
- Д. абайсызда екі немесе одан да көп адамның денсаулығына ауыр немесе орташа ауырлықтағы зиян келтіру

Е. дұрыс жауабы жоқ

44. ҚР ҚК 117 бабындағы соз ауруын жұқтырғаны үшін қылмыстық жауаптылық болуы мүмкін:

- А. өзінде соз ауруы бар екендігін білген адам
- В. өзінде соз ауруы бар екендігін білуге мүмкін емес адам
- С. тек қана өзінде соз ауруы жоқ екендігін білетін адам
- Д. өзінде соз ауруы бар екендігін ұғынады, зардаптардың болуын тілемесе де, бұған саналы түрде жол беретін адам
- Е. өзінде соз ауруы бар екендігі туралы ескертілген адам

45. Қауіпті жағдайда қалдыру (ҚК 119-бабы) жауатылыққа әкеп соғуы мүмкін, егер:

- А. ерге жәбірленуші дәрменсіз жағдайда болса
- В. ол адамға адамгершілік көмек жасауға міндетті болса
- С. ол адамға құқықтық көмек жасауға міндетті болса
- Д. ол адамға құқықтық көмек жасауға міндетті болса және ол адамға көмек көрсету мүмкіндігі болған
- Е. зардаптың келуі

46. ҚР ҚК 106-бабының 2 б. қандай белгілері кінәні ауырлататын жағдайларға жатпайды:

- А. аса қатыгездік
- В. бірнеше рет
- С. көрінеу кәмелетке толмағанға қатысты
- Д. бұзазылық ниетімен
- Е. қызғаншақтықпен

47. Адамның өліміне әкеп соққан денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру кінәнің қандай нысанымен жасалады:

- А. тікелей қасақаналық
- В. абайсыздықта
- С. кінәнің екі нысанымен
- Д. жанама қасақаналық
- Е. менмендікпен

48. Денсаулыққа ауыр зиян келтіру кезінде еңбек қабілеттігін жоғалтудың пайызы:

- А. 33 % астам
- В. 33 % кем
- С. 50 % астам
- Д. 20%-дан 70%-ға дейін
- Е. 33% көп

49. Ауырлататын мән-жайлар кезінде денсаулыққа қасақана орташа ауырлықтағы зиян келтіру үшін қылмыстық жауаптылық қандай жастан басталады:

- А. 14 жастан
- В. 15 жастан
- С. 18 жастан
- Д. 16 жастан
- Е. 21 жастан

50. ҚР ЖС 11.05.2007ж. нормативтік қаулысына сәйкес, зорлау – қай кезде аяқталды деп саналады:

- А. белгілі бір зардаптың келуі сәтінен бастап
- В. жыныстық құмарлықты қандырғаннан кейін
- С. физиологиялық мағынада жыныстық акт басталған сәттен бастап аяқталған деп саналады
- Д. соққыға жығу, жәбірленушіні шешіндіру
- Е. ниеттің анықталуы

51. Жала жабу (ҚР ҚК 130-бабы) объективті жағынан:

- А. басқа адамның абыройы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін немесе оның беделін түсіретін көрінеу жалған мәліметтер тарату
- В. басқа адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін түсіру
- С. жеке сипаттағы мәліметтерді тарату
- Д. басқа адамның қылмыс жасағандығын хабарлау
- Е. БАҚ арқылы көрінеу жалған мәліметтер тарату

52. Жала жабудың заты болып табылады:

- А. жалған мәліметтер
- В. нұқсан келтіретін мәліметтер
- С. шындыққа жанасатын мәліметтер
- Д. жалған және нұқсан келтіретін мәліметтер
- Е. интимді сипаттағы мәліметтер

53. Қорлау (ҚР ҚК 131-бабы):

- А. басқа адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін әдепсіз түрде кемсіту
- В. жеке сипаттағы мәліметтерді тарату
- С. басқа адамның абыройы мен қадір-қасиетін әдепсіз түрде кемсіту
- Д. жәбірленушінің және оның жақын туыстарының ар-намысы мен қадір-қасиетін түсіру
- Е. жәбірленушінің қызметтік жағдайына байланысты ар-намысы мен қадір-қасиетін әдепсіз түрде кемсіту

54. ҚК 132-бабы - кәмелетке толмаған адамды қылмыстық

құқық бұзушылықтар жасауға тартудың субъектісі:

- А. жеке тұлға, 14 жас
- В. жеке тұлға, 16 жас
- С. жеке тұлға, 18 жас
- Д. жеке тұлға, 15 жас
- Е. жеке тұлға, 17 жас

55. «кәмелетке толмаған адамды қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға тартудың» (ҚР ҚК 132-б.) субъектісі болуы мүмкін:

- А. сатушы, ата-аналары, заңды өкілі
- В. 15 жасқа толған адам
- С. ата-анасы, педагог, не кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу жөніндегі міндеттер өзіне заңмен жүктелген өзге адамдар, 18 жасқа толған адам
- Д. 16 жасқа толған адам
- Е. ата-анасы, педагог не кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу жөніндегі міндеттер өзіне заңмен жүктелмеген өзге адамдар

56. ҚР ҚК-нің 132-бабының ниеті:

- А. пайдакүнемдік
- В. өш алу
- С. тәуелділік
- Д. кез келген ниет
- Е. қызғаныштық

57. «Кәмелетке толмағандарды саудасы» (ҚР ҚК 135-б.) субъектісі болуы мүмкін:

- А. 13 жастағы сатушы
- В. 13 жастағы сатып алушы
- С. сатушы, сатып алушы, заңды өкілі
- Д. балалар үйінің қызметкерлері немесе асыраушы және қараушы органдар
- Е. кәмелетке толмаған адам

58. «Балаларын күтіп-бағуға арналған қаражатты төлеу жөніндегі міндеттерді орындамау, еңбекке қабілетсіз ата-аналарын, еңбекке қабілетсіз жұбайын (зайыбын) күтіп-бағуға арналған қаражатты төлеуден жалтару» (ҚР ҚК 139-б.) – бұл:

- А. ата-ананың сот шешімі бойынша кәмелетке толмаған балаларын, сол сияқты 18 жасқа толған еңбекке жарамсыз балаларын асырауға арналған қаражатты төлеуден төрт айдан астам әдейі жалтаруы
- В. ата-ананың сот шешімі бойынша кәмелетке толмаған балаларын төлеуден әдейі жалтаруы
- С. ата-ананың сот шешімі бойынша 18 жасқа толған балаларын асырауға арналған қаражатты төлеуден жалтаруы
- Д. ата-ененің сот шешімі бойынша кәмелетке толмаған балаларын асырауға арналған қаражатты төлеуден үш күннен астам әдейі жалтаруы
- Е. ата-ананың кәмелетке толмаған балаларын, сол сияқты 18 жасқа толған еңбекке қабілетсіз балаларын күтіп-бағуға сот шешімі бойынша қаражат төлеу жөніндегі міндеттерін үш айдан астам орындамауы

59. «Кәмелетке толмаған адамды қоғамға жат әрекеттер жасауға тартудың» (ҚР ҚК 133-б.) объективтік белгілері:

- А. кәмелетке толмаған адамды есеңгірететін заттарды пайдалануға не уытқұмарлыққа не спирттік ішімдіктерді бірнеше рет пайдалануға не қаңғыбастықпен

немесе қайыршылықпен  
айналысуға тарту  
В. ересек адамның қоғамға қарсы  
іс-әрекеттер жасауға тартуды  
ұсынудың аяқталған сәтінен бастап  
С. кәмелетке толмағанды  
жезөкшелікпен, қаңғыбастықпен  
немесе қайыршылықпен  
айналысуға тарту  
Д. кәмелетке толмағанның қылмыс  
жасаған сәті  
Е. кәмелетке толған адамды  
уытқұмарлыққа не спирттік  
ішімдіктерді ұдайы тұтынуға тарту

60. «Сайлау құжаттарын,  
референдум құжаттарын бұрмалау  
немесе дауыстарды дұрыс  
есептемеудің» (ҚР ҚК 151-б.)  
субъектісі кім болып табылады:  
А. сайлау комиссиясының, немесе  
референдум жүргізу жөніндегі  
комиссияның мүшесі  
В. Қазақстан Республикасы  
Президентіне кандидаттың сенімді  
өкілі,  
С. 18 жасқа толған барлық адамдар  
Д. 21 жасқа толған барлық адамдар  
Е. 16 жасқа толған барлық адамдар

61. Балаларын күтіп-бағуға  
арналған қаражатты төлеу  
жөніндегі міндеттерді орындамау,  
еңбекке қабілетсіз ата-аналарын,  
еңбекке қабілетсіз жұбайын  
(зайыбын) күтіп-бағуға арналған  
қаражатты төлеуден жалтарудың»  
(ҚР ҚК 139-б.) субъектісі:  
А. кәмелетке толған балалар  
В. ата-аналары  
С. ҚР ҚК-нің 139-бабының 1 б.  
ата-анасы, ҚР ҚК-нің 140-бабының  
2 б. ер жеткен балалары  
Д. еңбекке жарамсыз ата-аналары  
Е. кәмелетке толмаған балалар

62. ҚР ҚК-нің 133-бабы кәмелетке  
толмаған адамды қоғамға жат  
әрекеттер жасауға тартудың  
ұғымы:  
А. қылмыстық қызмет  
В. бұзақылық  
С. кәмелетке толмаған адамды  
есеңгірететін заттарды пайдалануға  
не уытқұмарлыққа не спирттік  
ішімдіктерді бірнеше рет  
пайдалануға не қаңғыбастықпен  
немесе қайыршылықпен  
айналысуға тарту  
Д. есірткіге ұқсас заттарды  
қолдануы  
Е. қаңғыбастықпен айналасуы

63. Қоғамға қарсы іс-әрекеттер  
жасауға тартуда (ҚР ҚК-нің 133-  
бабы) ауырлататын мән-  
жайлардағы субъектілері:  
А. есі дұрыс, жеке тұлға, 16 жас  
В. ПО-ның қызметкері  
С. кәмелетке толмағандардың  
жақын туыстары  
Д. кәмелетке толмаған адамды  
тәрбиелеу жөніндегі міндеттері  
жүктелген адам, ата-анасы, педагог  
Е. өзге де адам

64. Кәмелетке толмағандарды  
қоғамға қарсы әрекетке тартудың  
субъектісі (ҚК 133-бабы):  
А. жеке тұлға, 14 жас  
В. жеке тұлға, 18 жас  
С. жеке тұлға, 19 жас  
Д. ерекше қауіпті баукеспе  
Е. жеке тұлға, 16 жас

65. Кәмелетке толмағандарды  
қоғамға жат әрекеттер жасауға  
тартудың аяқталуы:  
А. жас балалардың қылмыс жасаған  
сәтінен

- В. кәмелетке толмағанның қоғамға жат әрекеттер жасау туралы ниеті пайда болған кезде
- С. қорқыту қолданғаннан
- Д. зорлық қолданғаннан
- Е. дұрыс жауабы жоқ

66. Кәмелетке толмаған баланы тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамағаны үшін қандай жағдайда қылмыстық жауапкершілік басталады (ҚР ҚК-нің 140-бабы):

- А. ауыр зардап болғанда
- В. әкімшілік жауапкершілікке тартылғаннан кейін
- С. қамқоршылық-қорғаншы органдарының қорытындысының болуы
- Д. кәмелетке толмаған адамдарды тәрбиелеу міндеттерін дәлелсіз себептермен орындамауы немесе тиісінше орындамауы
- Е. дұрыс жауабы жоқ

67. «Сайлау құжаттарын, референдум құжаттарын бұрмалау немесе дауыстарды дұрыс есептемеудің» (ҚР ҚК 151-б.) субъектісі кім болып табылады:

- А. сайлау комиссиясының, немесе референдум жүргізу жөніндегі комиссияның мүшесі
- В. Қазақстан Республикасы Президентіне кандидаттың сенімді өкілі,
- С. 18 жасқа толған барлық адамдар
- Д. 21 жасқа толған барлық адамдар
- Е. 16 жасқа толған барлық адамдар

68. «Жеке өмірге қол сұғылмаушылықты және ҚР дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасын бұзу» (ҚР ҚК 147-б.) - деп танылады:

- А. адамның жеке немесе отбасы құпиясын құрайтын, жеке өмірі туралы мәліметтерді оның келісімінсіз заңсыз жинау не өзге де дербес деректерді заңсыз жинау және (немесе) өңдеу нәтижесінде адамның құқықтары мен заңды мүдделеріне елеулі зиян келтірсе
- В. егер осы әрекеттер ірі зиян келтірсе
- С. жеке өмірі туралы мәліметтерді оның келісімімен жинау немесе тарату
- Д. егер осы әрекеттер жәбірленушінің құқықтары мен заңды мүдделеріне зиян келтірсе
- Е. оның жеке немесе отбасы құпиясын құрамайтын мәліметтер

69. «Тұрғынжайға қолсұғылмаушылықты бұзудың» ауырлататын мән жәй (ҚР ҚК 149-б. 2-б.) - деп танылады:

- А. күш қолданбаймын деп қорқыту
- В. күш қолданып не оны қолдану қатерін төндіріп немесе адамдар тобымен жасалса
- С. түнгі уақытта немесе заңсыз тінтумен ұласқан дәл сол әрекет, сол сияқты тұрғынжайдан заңсыз шығару
- Д. тұрғын үйге заңсыз кіргізіп алумен ұштасса
- Е. ұйымдасқан топпен, қылмыстық сыбайластықпен

70. «Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын бұзу» (ҚР ҚК 152-б.) - деп танылады:

- А. кез келген белсенді әрекетте
- В. қызметкермен еңбек шартын заңды тоқтату
- С. кәсіби міндеттерін орындамау
- Д. жұмыскермен еңбек шартын заңсыз тоқтату не соттың жұмысқа

кайта орналастыру туралы шешімін орындамау

Е. ҚР еңбек заңнамасын азаматтың құқықтары мен заңды мүдделеріне елеулі зиян келтіруге әкеп соққан өзге де бұзу

71. Дәрігерлік құпияны жария етудің (ҚР ҚК-нің 321-бабы) заты:

- А. жалпы жағдайы туралы мәліметтер
- В. емделу курсы туралы мәліметтер
- С. науқастың медициналық куәландырудың қорытындылары
- Д. аталғандардың барлығы
- Е. науқастың ауруы туралы мәліметтер

72. ҚР еңбек заңнамасын бұзудың субъективті жағы (ҚР ҚК-нің 152-бабы):

- А. тікелей қасақана
- В. абайсыздық кінә
- С. екі нысанды кінә
- Д. қасақан және абайсызда
- Е. немқұрайдылық

73. Басқыншылық соғысты жоспарлау, дайындау, тұтандыру немесе жүргізу қай уақытта аяқталған болып саналады:

- А. басқыншылық соғысты тұтандырудан
- В. басқыншылық соғысты жоспарлағаннан, дайындағаннан, тұтандырғаннан немесе жүргізгеннен
- С. ҚК 160 бабының 1 бөлімінде көрсетілген әрекеттердің барлығының болуы қажет бола ма
- Д. зардаптың болуынан.
- Е. дұрыс жауабы жоқ

74. Басқыншылық соғысты тұтандыруға насихат жүргізу немесе жария түрде шақыру:

- А. материалдық құрам
- В. формалдық құрам
- С. қысқартылған құрам
- Д. формальды-материалдық құрам
- Е. аралас құрам.

75. Жаппай қырып-жою қаруын өндіру, иемдену немесе өткізудің объектісі:

- А. мемлекеттік экономикалық құрылысы
- В. мемлекеттік саяси құрылысы
- С. адамгершіліктің қауіпсіздігі
- Д. ҚР суверенитеті
- Е. халықтың денсаулығы

76. Жаппай қырып жою қаруын өндіру, иемдену немесе өткізудің заты:

- А. химиялық, биологиялық, ядролық сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруының басқа да түрлері
- В. атыс қаруы
- С. химиялық, бактериологиялық, сол сияқты атыс қаруы
- Д. тек атом қаруы
- Е. суық қару

77. Геноцидтің /ҚР ҚК 168-бабы/ объективтік белгілері:

- А. ұлттық, этностық, нәсілдік немесе діни топты осы топтың мүшелерін өлтіру, олардың денсаулығына ауыр зиян келтіру, бала тууға күшпен бөгет жасау, балаларды мәжбүрлеп беріп жіберу, күштеп көшіру не осы топтың мүшелерін қырып-жою мақсатында өзге де тіршілік жағдайларын туғызу арқылы толық

немесе ішінара жоюға бағытталған қасақана іс-әрекеттер

В. бала тууға күшпен бөгет жасау, балаларды мәжбүрлеп біреуге беру

С. осы топтың мүшелерін қырып-жоюға есептелген өзге де тіршілік жағдайларын туғызу арқылы толық немесе ішінара жоюға бағытталған қасақана әрекеттер

Д. 1, 2, 3 тармақшаларда көрсетілген белгілердің барлығы геноцидтің белгілері болып табылады

Е. дұрыс жауабы жоқ

78. Экоцидтің /ҚР ҚК 169-бабы/ анықтамасы:

А. геноцидтің бір түрі

В. өсімдіктер немесе жануарлар дүниесін жаппай абайсызда жою, атмосфера, жер немесе су ресурстарын абайсызда улау

С. адамдарды, өсімдіктер немесе жануарлар дүниесін жаппай жою

Д. өсімдіктер әлемін немесе жануарлар дүниесін жаппай жою, атмосфераны, жер немесе су ресурстарын улау, сондай-ақ экологиялық зілзаланы немесе төтенше экологиялық ахуал туғызған немесе туғызуы мүмкін өзге де іс-әрекеттерді жасау

Е. дұрыс жауабы жоқ

79. Жалдамалылық /ҚР ҚК 170-бабы/ үшін жауаптылық қашан басталады:

А. жалдамалыны жалдануға азғырып көндіру, оқытып-үйрету, қаржыландыру немесе өзге материалдық қамтамасыз ету, сол сияқты оны қарулы қақтығыста, соғыс қимылдарында немесе оған

нұқсан келтіруге бағытталған өзге де күш қолдану

әрекеттеріне пайдалану не мемлекеттік аумақтың

тұтастығын бұзу

В. жалдамалыны қарумен қамтамасыз еткеннен бастап

С. оны қарулы жанжалда немесе соғыс қимылдарында пайдаланудан бастап

Д. адамның қазасына немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соққаннан бастап

Е. қаржыландырудан бастап

80. ҚР ҚК 174-бабы, 1-б. көзделген әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздырудың субъектісі кім бола алады:

А. 16-ға толған кез келген адам

В. 18-ге толған кез келген адам

С. лауазымды адамдар

Д. қоғамдық бірлестіктердің басшылары немесе өзге де қызметкерлері

Е. 14-ке толған кез келген адам

81. Мемлекетке опасыздық жасаудың (ҚР ҚК 175-бабы) объектісі:

А. аумақтық қол сұғылмаушылық

В. мемлекеттің конституциялық құрылысының негіздері мен қауіпсіздігі

С. әскери күші

Д. Қазақстан Республикасының егемендігі

Е. қоғамдық қауіпсіздік.

82. Тыңшылықтың (ҚР ҚК 176-бабы) нәрсесі - заты:

А. мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтер



В. әскери құпияны құрайтын мәліметтер  
С. өзге мәліметтер  
Д. барлық аталған мәліметтер  
Е. қызметтік құпияны құрайтын мәліметтер

√

[B]

83. Тыңшылықтың (ҚР ҚК 176-б.) субъектісі:

А. ҚР азаматы немесе азаматтығы жоқ адам  
В. ҚР азаматтығы бар адам  
С. шетелдік азамат немесе азаматтығы жоқ адам  
Д. мемлекеттік қызметке тұрған ҚР азаматы  
Е. шетелдік азаматтар

84. «Экстремизм» (ҚР ҚК 50-б. ескертуінің 2-б.) белгілері бар қылмыстар деп танылады:

А. қарулы бүлік (ҚР ҚК 181-б.)  
В. Қазақстан Республикасы Президентінің өміріне қол сұғушылық (ҚР ҚК 178-б.)  
С. адамды кепілге алу (ҚР ҚК 261-б.)  
Д. 174, 179, 181, 184, 258, 267-б.2,3-б., 404, 405-бабында көзделген қылмыстар  
Е. адамды ұрлау (ҚР ҚК 125-б.)

85. ҚР ҚК 178-бабында көзделген Қазақстан Республикасы Президентінің өміріне қол сұғушылық аяқталған деп саналады:

А. өміріне қол сұққаннан бастап  
В. денсаулығына зиян келтіргеннен бастап  
С. өміріне қастандық жасағаннан бастап

Д. дене жарақаттарын келтіргеннен бастап  
Е. ар-намысы мен қадір-қасиетін қорлағаннан бастап

86. Диверсия (ҚР ҚК 184-бабы) аяқталды деп саналады:

А. жарылыс жасауда  
В. өрт қоюда  
С. жаппай улауда  
Д. осыларды жүзеге асыруға бағытталған әрекеттерді жасауда  
Е. мақсатын анықтау керек

87. 185-бап. Мемлекеттік құпияларды заңсыз жинау, тарату, жария етудегі кінә:

А. тікелей қасақаналық  
В. жанама қасақаналық  
С. абайсыздық  
Д. қасақана немесе абайсызда  
Е. немқұрайдылық

88. 185-бап. Мемлекеттік құпияларды заңсыз жинау, тарату, жария етудің заты:

А. мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтер  
В. әскери құпия  
С. қызметтік құпия  
Д. өзге мәліметтер  
Е. коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтер

89. 186-бап. Мемлекеттік құпиялары бар құжаттарды, заттарды жоғалтудағы кінә нысаны:

А. тура ниет  
В. жанама ниет  
С. менмендік  
Д. немқұрайдылық  
Е. абайсыздық

90. 388-бап. Жұмылдыруға шақырылудан жалтарудағы кінә нысаны:

- А. тура ниет
- В. жанама ниет
- С. абайсыздық
- Д. кінәнің аралас нысаны
- Е. менмендік.

91. 175-бап. Мемлекетке опасыздық жасау үшін жауаптылық қай жастан басталады:

- А. 14 жастан
- В. 16 жастан
- С. 18 жастан
- Д. 21 жастан
- Е. 15 жастан

92. 175-бап. Мемлекетке опасыздық жасаудың тікелей объектісі:

- А. қоғамдық қауіпсіздік
- В. Қазақстан Республикасының саяси жүйесі
- С. мемлекеттік қауіпсіздік
- Д. экономикалық жүйе
- Е. аумақтық тұтастық

93. 175-бап. Мемлекетке опасыздық жасаудың құрамы:

- А. материалдық
- В. формальдық
- С. келте
- Д. ауырлатушы
- Е. формальді-материалдық

94. Мемлекетке опасыздық жасаудың субъектісін көрсетіңіз:

- А. 16 жасқа толған, есі дұрыс, жеке тұлға
- В. Қазақстан Республикасының азаматы
- С. лауазымды тұлға
- Д. азаматтығы жоқ тұлға

Е. шетел азаматтары

95. Көрсетілген белгілердің қайсысы тыңшылықтың объективтік жағының міндетті белгісі болып табылады (ҚР ҚК 176 бабы):

- А. әрекеттің жасалуы.
- В. қылмыстың жасалу әдісі.
- С. қылмыстың зардабы.
- Д. шпионаждың жасалу орны.
- Е. қылмыстың жасалу уақыты.

96. Кімді тыңшылық үшін қылмыстық жауаптылыққа тартуға болады-ҚР ҚК-ң 176 бабы:

- А. 16 жасқа жеткен тұлға.
- В. 16 жасқа толған Қазақстан Республикасының азаматы.
- С. 14 жасқа толған кез-келген тұлға.
- Д. шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалар.
- Е. лауазымды тұлғалар.

97. Президенттің өміріне қол сұғушылық болып табылады:

- А. Президентті өлтіру.
- В. денсаулыққа ауыр және орташа ауырлықтағы зардап келтіру.
- С. Президентті қорлау.
- Д. Президентті өлтіру немесе өлтіруге оқталу.
- Е. жоғарыда аталғанның барлығы.

98. Ұрлықтың (ҚР ҚК-188 бабы) саралаушы белгісі:

- А. алдын-ала сөз байласқан адамдар тобымен.
- В. бірнеше рет.
- С. тұрғын үй-жайға, қоймаға заңсыз кіру
- Д. қызметтік немесе өндірістік үй-жайға, қоймаға заңсыз кіру.

Е. жоғарыда көрсетілгеннің барлығы.

99. Талан-тараждың түріне жататын қылмыстарды көрсетіңіз (ҚР ҚК Ерекше бөлім 6-т.):

- А. ұрлық, тонау, алаяқтық, қарақшылық
- В. көрінеу қылмыстық жолымен табылған мүлікті сатып алу немесе сату
- С. алдай немесе сенімге қиянат жасау жолымен мүліктік залал келтіру
- Д. қорқытып алушылық
- Е. автомобильді немесе өзге де көлік құралдарын ұрлау мақсатынсыз заңсыз иелену

100. Тонау аяқталды деп саналады:

- А. мүлікке физикалық ие болу.
- В. мүлікті алудан.
- С. мүлікті алуға оқталғаннан.
- Д. мүлікті иемденгеннен.
- Е. заңсыз иелену, пайдалану, билік ету.

101. Тонауда кішігірім мөлшер үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылады ма:

- А. қылмыстық жауаптылыққа тартылады.
- В. қылмыстық жауаптылыққа тартылмайды.
- С. жауаптылыққа тартылмайды.
- Д. әкімшілік жауаптылыққа тартылады.
- Е. дұрыс жауабы жоқ.

102. Тонау барысындағы зорлаудың түсінігі:

- А. соққылар мен жаракаттар.
- В. жәбірленушіні байлау.
- С. денсаулық пен өмірге қауіпсіз кез-келген зорлау.

Д. адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіпті зорлау.

Е. денсаулыққа жеңіл зиян келтіру.

103. 2003 жылғы 11 маусымдағы ҚР ЖС нормативтік қаулысында жасырын түрде жасалынды деп не айтылған:

- А. жәбірленуші немесе мүлік қарамағында немесе күзетуінде тұрған адамдар бар кезде не бөгде адамдардың көзінше ұрлау
- В. егер кінәлі адам айналасындағылар үшін өзі байқатпай әрекет жасадым деп санаса, көріп тұрған оның қылмыстық сипатын түсінбеген жағдайларда да
- С. мүліктін иесі көріп тұрады
- Д. уақытша пайдалану үшін бөтеннің мүлкін заңсыз алып қою
- Е. иеленіп алу немесе ысырап ету, яғни кінәлі адамға сеніп тапсырылған бөтен мүлікті ұрлау.

104. Қарақшылық (ҚР ҚК 192 б.) аяқталды деп саналады:

- А. тек қана шабуыл жасау сәтінен кезден
- В. бөтеннің мүлкін алған кезден
- С. бөтеннің мүлкін ұстап қалған кезден
- Д. шабуыл жасау сәтінен
- Е. зардабының пайда болуы қажет

105. Талан-тараждың түріне жататын қылмыстарды көрсетіңіз (ҚР ҚК Ерекше бөлім 6-т.):

- А. ұрлық, тонау
- В. алаяқтық
- С. зорлау
- Д. терроризм
- Е. қорқытып алушылық

106. Талан-тараждың түріне жатпайтын қылмыстарды көрсетіңіз (ҚР ҚК Ерекше бөлім 6-т.):

- А. тонау
- В. ұрлық
- С. алаяқтық
- Д. автомобильді немесе өзге де көлік құралдарын ұрлау мақсатынсыз заңсыз иелену
- Е. пара алу

107. «Қорқытып алудың» (ҚР ҚК 194-б.) объективтік жағының белгілері:

- А. бөтен мүлікті иелену
- В. күш қолдану не бөтеннің мүлкін жою немесе бүлдіру қатерін төндіру
- С. дене және психикалық мәжбүрлеуді қолданған уақыттан бастап
- Д. жәбірленушіні немесе оның жақындарын масқаралайтын мәліметтерді тарату қатерін төндіріп бөтеннің мүлкін немесе мүлікке құқықты беруді талап ету
- Е. дене және психикалық күш қолданған уақыттан бастап

108. «Қарақшылықтың» (ҚР ҚК 192-б.) «Ерекше құндылығы бар заттарды жымқыру» (ҚР ҚК 193-б.) айырмашылығы:

- А. қылмыстың объектісі бойынша
- В. қылмыстың объективтік жағының белгісі бойынша
- С. қылмыстың заты бойынша
- Д. қылмыстың субъективтік жағы бойынша
- Е. қылмыстың барлық құрамының элементтері бойынша

109. ҚР ҚК 191-б.2-б. "1"- тармақшасымен көзделген «Тонау» - деп түсініледі:

- А. жәбірленушінің өміріне немесе денсаулығына қауіпті емес күш қолданып, не осындай күш қолдану қатерін төндіру
- В. жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына жеңіл дәрежедегі денсаулығына зиян келтіру
- С. 16 күнге дейін тез жазылатын жарақат: ұрып-соғу, денеге дақ салу, тырнау, шымшу т.б.
- Д. өмірі мен денсаулығына қауіпті емес күш қолданумен бірге ұрлау мақсатымен шабуыл жасау
- Е. жәбірленушінің денсаулығына зиян келтірумен бірге ұрлау

110. «Меншікке қарсы қылмысық құқық бұзушылықтарға» (ҚР ҚК Ерекше бөлім 6-т.) жатады:

- А. сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу
- В. контрабанда
- С. тонаушылық
- Д. тұтынушыларды алдау
- Е. бөтен мүлікті ұрлау немесе қорқытып алу

111. «Қарақшылық» аяқталды деп танылады (ҚР ҚК 192-б.):

- А. бөтен мүлікті иелену
- В. бөтен мүлікті иелігіне беру туралы талап қою
- С. шабуыл жасағаннан бастап
- Д. кінәлінің жәбірленушінің мүлкіне ие болу немесе ие болмауына қарамастан шабуыл жасағаннан бастап
- Е. денсаулығына зиян келтіргеннен бастап

112. Алаяқтық аяқталды деп саналады:

- А. алдаған кезден бастап.
- В. сенімге қиянат жасаған сәттен бастап.
- С. бөтеннің мүлкін иемденген сәттен бастап.
- Д. бөтеннің мүлкіне құқық алмаған сәтте.
- Е. зардап пайда болған сәттен бастап.

113. Алаяқтық барысындағы алдаудың түсінігі:

- А. бөтен пәтерге кіру мақсатында алдау.
- В. бөтеннің мүлкіне құқығы жайлы жалған хабарлама.
- С. мәлімет жайлы хабарламау.
- Д. тұлға хабарлауға тиісті міліметтерді хабарламау мен жалған мәліметтерді хабарлау.
- Е. адастыру.

114. Алаяқтыққа қандай әдіс тән:

- А. алдау және сенімге қиянат жасау әдісі.
- В. алдау әдісі.
- С. сенімге қиянат жасау әдісі.
- Д. құпия әдіс.
- Е. кез-келген әдіс.

115. 2003 жылғы 11 маусымдағы ҚР ЖС нормативтік қаулысында ашық түрде жасалынды деп айтылған:

- А. егер кінәлі адам айналасындағылар үшін өзі байқатпай әрекет жасадым деп санаса
- В. шабуыл жасауға ұшыраған адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті күш көрсетумен ұштасқан шабуыл жасау

С. уақытша пайдалану үшін бөтеннің мүлкін заңсыз алып қою  
Д. иеленіп алу немесе ысырап ету, яғни кінәлі адамға сеніп тапсырылған бөтен мүлікті ұрлау  
Е. жәбірленуші немесе мүлік қарамағында немесе күзетуінде тұрған адамдар бар кезде не бөгде адамдардың көзінше бөтеннің мүлкін заңсыз иемденсе.

116. Қорқытып алушылық пен қарақшылықты саралау, оларды ажырату критерийлері:

- А. аяқталу сәті бойынша.
- В. қол сұғу заты бойынша.
- С. зорлықтың сипаты бойынша.
- Д. саралаушы белгілері бойынша.
- Е. жоғарыда аталған белгілердің барлығы.

117. Қорқытып алушылық барысында қол сұғудың заты не болып табылады:

- А. материалды құндылықтар
- В. ақша.
- С. автокөлік құралдары.
- Д. мүлік, мүлікке құқық, мүліктік сипаттағы әрекеттер
- Е. мүліктік сипаттағы әрекеттер, мүлік, мүлік құқығы

118. Қылмыстық жолмен табылған мүлікті иемденудің түсінігі:

- А. сатып алу.
- В. тегін алу.
- С. алдау жолымен.
- Д. барлық аталған әдістер.
- Е. кез-келген әдіс.

119. 2003 жылғы 11 маусымдағы ҚР ЖС нормативтік қаулысына сәйкес кінәлі қаруды тек қолданамын деп қорқытса ҚР ҚК қандай бабымен сараланады:

- А. ҚР ҚК 192-бабының бірінші бөлігі бойынша.
- В. ҚР ҚК 192-бабының екінші бөлігі бойынша.
- С. ҚР ҚК 191-бабының бірінші бөлігі бойынша.
- Д. ҚР ҚК 191-бабының екінші бөлігі бойынша.
- Е. дұрыс жауап жоқ

120. Бөтеннің мүлкін қасақана жойғаны және бүлдіргені үшін жауаптылық (ҚР ҚК 202 б.):

- А. формальді құрам.
- В. келте құрам.
- С. айтарлықтау залал (айлық есептік көрсеткіштен бір жүз есе асатын залал мөлшері.)
- Д. келтірілген ірі мөлшердегі және елеулі зардап.
- Е. ірі мөлшердегі зардап.

121. Ұйымға тиесілі кішігірім мөлшердегі ұрлық үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылады ма:

- А. қылмыстық жауаптылыққа тартылады
- В. тек әкімшілік жауаптылыққа тартылады
- С. ешқандай жауаптылыққа тартылмайды
- Д. әкімшілік жауаптылыққа тартылады
- Е. дұрыс жауабы жоқ

122. Бөтеннің мүлкін абайсызда жою немесе бүлдіру үшін жауаптылық (ҚК 204 б):

- А. формальді құрам.
- В. келте құрам.
- С. елеулі залал келтіру.
- Д. келтірілген ірі мөлшердегі және елеулі зардап.
- Е. абайсызда ірі залал келтірсе.

123. Ұрлықтың көлемі кішігірім деп саналады, егер де ұрланған мүліктің бағасы аспайтын болса:

- А. бір айлық есептік көрсеткіштен.
- В. бес айлық есептік көрсеткіштен.
- С. жиырма айлық есептік көрсеткіштен.
- Д. он айлық есептік көрсеткіштен.
- Е. ұрлықтың көлемі маңызды емес.

124. ҚР ҚК-188 бабында көзделген ұрлықтың заты қалай болады:

- А. радиоактивті құралдар, қару, қару-жарақ.
- В. есірткі заттары немесе психотроптық заттар.
- С. сауда кәсіпорындарының саудалық чектері.
- Д. бөлінбейтін және күрделі заттар, үй жануарлары, ақша т.б.
- Е. материалды мүліктер.

125. 2003 жылғы 11 маусымдағы ҚР ЖС нормативтік қаулысына сәйкес кінәлі көрінеу жарамсыз немесе оқталмаған қарумен қорқытса ҚР ҚК қандай бабымен саралау керек:

- А. ҚР ҚК 191-бабының бірінші бөлігі бойынша
- В. ҚР ҚК 192-бабының бірінші бөлігі бойынша
- С. ҚР ҚК 192-бабының екінші бөлігі бойынша
- Д. ҚР ҚК 191-бабының екінші бөлігі бойынша
- Е. дұрыс жауап жоқ

126. Төменде көрсетілген жағдайлардың қайсысында автокөлікті ұрлау қылмысы орын алады ҚР ҚК-ң 200 бабы:

А. Ауыр сырқаттанған адамды ауруханаға жеткізу мақсатында автокөлікті өз бетімен ұрлау.

В. Тұлға өз атына жазылмаған автокөлікте рұқсатсыз кетіп қалады.

С. Автомобильді жымқыру мақсатынсыз құқыққа сыйымсыз иеленіп алу (айдап кету).

Д. Көлікті бөлек бөлшектерін иемдену мақсатында ұрлау.

Е. Сату үшін ұрлау.

127. Құрылысы бойынша тонаудың құрамы:

А. Материалды құрам.

В. Формальді құрам.

С. Келте құрам.

Д. Формальді- материалды құрам.

Е. Тек қана материалдық құрам

128. Қарақшылықтың (ҚР ҚК-192 б.) ұғымы:

А. бөтеннің мүлкін жымқыру мақсатындағы шабуылға ұшыраған адамның өміріне немесе денсаулығына қауіпті күш қолданумен немесе тікелей осындай күш қолдану қатерін төндірумен ұласқан шабуыл.

В. иеленіп алу немесе ысырап ету, яғни кінәлі адамға сеніп

тапсырылған бөтен мүлікті ұрлау

С. бөтен мүлікті жасырын ұрлау

Д. бөтен мүлікті ұрлау немесе бөтен мүлікке құқықты алдау немесе сенімге қиянат жасау арқылы алу

Е. бөтен мүлікті ашық ұрлау

129. Қарақшылықтың (ҚР ҚК 192б. 4 б.) аса ауырлататын мән-жайлар:

А. алдын-ала сөз байласқан адамдар тобымен,

В. жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіпті емес күш қолданумен, не осындай күш қолданамын деп қорқыту

С. бірнеше рет

Д. тұрғын, қызметтік, өндірістік үй-жайға қоймаға, заңсыз кіру

Е. аса ірі мөлшерде, қылмыстық топ жасаса

130. Заңсыз кәсіпкерлік, заңсыз банктік қызмет ҚР ҚК-ң 214 бабы:

А. Тіркеусіз.

В. Арнайы рұқсатсыз.

С. Лицензиялау жағдайын бұзумен.

Д. Аса ірі мөлшердегі зардап немесе табыс табумен ұштастырып жасаса;

Е. Жоғарыда аталғанның барлығы.

131. ҚР ҚК-ң 231 бабында көзделген қылмыстың объективтік жағы - жалған ақша немесе бағалы қағаздар жасау, сақтау, алып өту немесе өткізу:

А. Жасау.

В. Сату мақсатында сақтау.

С. Сату

Д. Сақтау

Е. Жоғарыда аталған әрекеттің біреуі жасалса жеткілікті.

132. Контрабанда қашан аяқталған болып саналады:

А. Тауар және құндылықтар кедендік шекара арқылы өткен кезден.

В. Мемлекеттік шекарадан тауарларды заңсыз өткізуге арналған арнайы қоймалар жасалынған кезден.

С. Контрабандалық тауар шекаралық пунктіден шығарылған сәттен бастап.

Д. Мемлекеттік шекарадан өткізілетін тауарлар мен құндылықтар кедендік декларацияда көрсетілмеген болса.  
Е. Міндетті түрде зардап орын алуы тиіс.

133. Қандай жағдайларда ақшаны жасау мен сатуда немесе бағалы қағаздарды сату мен жасаудың құрамы болмайды ҚР ҚК 231 бабы:  
А. ҚР Ұлттық банк банкноттарын қолдан жасау.  
В. Мемлекеттік зайымның облигацияларын қолдан жасау.  
С. Айналымнан алынған валютаны қолдан жасау.  
Д. Шетел валютасын қолдан жасау.  
Е. Акцияларды қолдан жасау.

134. Жалған ақшаны қолдан жасау қашан аяқталған деп саналады:  
А. Ақшаны қолдан жасау үшін материалдар алған сәтен бастап.  
В. Жалған ақшаны жасау әрекеті жүзеге аспаған сәттен бастап.  
С. Жалған ақшаны дайындаған сәттен бастап.  
Д. Жалған ақшаны сатқан сәттен бастап.  
Е. Дұрыс жауабы жоқ.

135. Жалған ақша немесе бағалы қағаздар жасау, сақтау, алып өту немесе өткізу қылмысының заты не болып табылады:  
А. Айналымнан шыққан банкноттар.  
В. Лоторея билеттері.  
С. Дайындау техникасын өрескел бұзумен дайындалған банкноттар.  
Д. Айналымдағы банкноттар.  
Е. Шетелдік бағалы қағаздар.

136. «Заңсыз кәсіпкерлік, заңсыз банктік қызмет» объективтік белгілері (ҚР ҚК 214-б.) танылады:  
А. кәсіпкерлік қызметті тіркеуден өтіп жүзеге асыру  
В. кәсіпкерлік қызметті заң бойынша алынған лицензия негізінде жүзеге асыру  
С. рұқсат (лицензия) алу міндетті болмаған жағдайларда арнаулы рұқсатпен (лицензиямен)  
Д. лицензиялау шарттарын бұзып жүзеге асыру, сол сияқты кәсіпкерліктің тыйым салынған түрлерімен шұғылдану  
Е. егер осы әрекеттер азаматқа, ұйымға немесе мемлекетке ірі зиян келтірсе, не ірі мөлшерде табыс табумен

137. «Жалған банкроттықтың» (ҚР ҚК 240-б.) «Алаяқтықтан» (ҚР ҚК 190-б.) айырмашылығы:  
А. қылмыстың объектісі, объективтік жағы және субъектісі бойынша  
В. субъективтік жағы бойынша  
С. субъективтік жағының негізгі белгісі  
Д. тек қана объективтік жағы бойынша  
Е. субъектісі бойынша, қылмыстың объектісі, объективтік жағы

138. «Заңсыз кәсіпкерлік, заңсыз банктік қызмет» (ҚР ҚК 214-б.) «Жалған банкроттықтан» (ҚР ҚК 240-б.) айырмашылығы:  
А. аяқталу сәтінен  
В. субъективтік жағы бойынша  
С. объектісі бойынша  
Д. объективтік жағы бойынша  
Е. субъектісі бойынша



139. «Параға коммерциялық сатып алудан» (ҚР ҚК 253-б.) «Пара берудің» (ҚР ҚК 367-б.)

айырмашылығы:

А. субъективтік және объективтік жағынан

В. субъектісі және субъективтік жағынан

С. объектісі, субъектісі және объективтік жағынан

Д. субъективтік жағынан

Е. кінә бойынша

140. Экономикалық контрабанданың нысандары:

А. Кедендік бақылаудан жасыру.

В. Кедендік құжаттарды алдаумен қолдану.

С. Тауарларды декларацияламау.

Д. Жалған декларациялау.

Е. Аталған белгілердің біреуінің болуы жеткілікті.

141. Заңсыз кәсіпкерлік, заңсыз банктік қызметін объективтік жағы мынадай әрекеттердің жасалуымен сипатталады ҚР ҚК-ң 214 бабы:

А. Жерге қатысты заңсыз келісімдерді тіркеу.

В. Белгілі бір қызметті жүзеге асыру үшін арнайы рұқсатты беруден жалтару.

С. Кәсіпкерлік немесе банктік қызметті тіркелусіз жүзеге асыру.

Д. Банктік қызметті арнайы рұқсатсыз жүзеге асыру немесе лицензиялауды бұзу.

Е. Дұрыс жауабы жоқ.

142. Кәсіпкерлік қызмет заңсыз болып табылады:

А. Рұқсат беру лицензиясында рұқсаттың басқа түрі көрсетілсе.

В. Тауарларды көрінеу заңсыз жол мен иемденсе.

С. Жеке маңызы жоқ жұмыстарды өзінің жеке жұмыс көлемімен орындаса.

Д. Лицензияда көзделмеген жұмыстарды орындау, бірақ ұйымдар мен азаматтарға залал келтірілмесе.

Е. Жоғарыда көзделгеннің барлығы орын алса.

143. Өкілеттіктерді теріс пайдаланудың /ҚР ҚК 250бабы/ кінәсі:

А. тікелей қасақаналық;

В. жанама қасақаналық;

С. абайсыздық;

Д. кінәнің аралас нысаны.

Е. немқұрайдылық;

144. Коммерциялық және өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстардың топтық объектісі:

А. коммерциялық және өзге де ұйымдардың дұрыс қызметі;

В. азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделері;

С. өзге коммерциялық ұйымдардың мүліктік мүдделері;

Д. Қазақстан Республикасының экономикалық құрылымы;

Е. дұрыс жауабы жоқ;

145. Коммерциялық және өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстардың мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстардан айырмашылығы:

А. объектілері бойынша;

В. объективтік белгілері бойынша;

С. субъективтік белгілері бойынша;

Д. объективтік және субъективтік белгілері бойынша;

Е. тәсілі бойынша;

146. Коммерциялық және өзге де ұйымдардағы басқару функцияларын атқарушы адамдардың өкілеттіктерін асыра пайдалануы құрылымы жағынан:  
А. материалдық;  
В. формальдық;  
С. формальді -материалдық;  
Д. қысқартылған;  
Е. альтернативті құрамға жатады;

147. Коммерциялық сатып алудың заты:  
А. тек ақшалар;  
В. ақша және мүлік;  
С. ақша және әртүрлі бағалы қағаздар, сондай-ақ мүлікке құқық беру;  
Д. ақша, бағалы қағаздар, мүлік, мүліктік сипаттағы қызмет көрсету;  
Е. дұрыс жауабы жоқ;

148. Міндеттеріне адал қарамау /ҚР ҚК 254-бабы/ жасалған деп саналады:  
А. егер ол адам өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқса;  
В. егер ол ауыр зардаптарға әкп соқса;  
С. адам өлімі және ауыр зардаптардың жоқтығы;  
Д. осы зардаптардың төну қаупі сәтінен бастап;  
Е. зиян келтіргеннен бастап;

149. Параға коммерциялық сатып алудың (ҚР ҚК 253-бабы) ауырлатушы белгілері:  
А. бірінші рет жасау;  
В. осы қылмыс үшін бұрын сотталған адам жасаса;  
С. осы қылмысты қайталап жасау;

Д. мемлекеттік қызметкердің жасауы;  
Е. дұрыс жауабы жоқ;

150. Өкілеттіктерді теріс пайдаланудың – ҚР ҚК 250-бабы – объективтік жағы:  
А. материалдық құрам;  
В. формальді құрам;  
С. қысқартылған құрам;  
Д. аралас құрам;  
Е. дұрыс жауабы жоқ.

151. Өкілеттіктерді теріс пайдаланудың – ҚР ҚК 250-бабы – зардаптары:  
А. мүліктік;  
В. тәндік;  
С. моральдық;  
Д. пайданы жіберіп алу;  
Е. аталғандардың кез келгені.

152. Терроризм актісінің нысандары:  
А. жарылыс жасау;  
В. адамдардың қаза болуы;  
С. мүліктік зиян;  
Д. өрт қою.  
Е. бір нысаны жеткілікті.

153. ҚР ҚК 262-бабы, 1-б. көзделген - Ұйымдасқан топты немесе қылмыстық ұйымды құру, сол сияқты оған немесе қылмыстық ұйымның құрылымдық бөлімшесіне басшылық етудің объективтік жағын құрайтын әрекеттер:  
А. ұйымдасқан қылмыстық топты құру, сол сияқты оны басқару;  
В. қылмыстық қоғамдастықты құру;  
С. қылмыстық қоғамдастыққа қатысу;  
Д. бір нысаны жеткілікті;

Е. дұрыс жауабы жоқ.

154. «Бандитизмнің» (ҚР ҚК 268-б.1-б.) белгілері:

- А. ұйымға шабуыл жасау мақсатында ұйымдасқан топ құру
- В. тұрақты қарулы топты (банданы) құру, сол сияқты осындай топқа (бандаға) басшылық ету
- С. қарақшылық және тонау мақсатында тұрақты қарулы топ (банда) құру
- Д. тұрақты қарулы топқа (бандаға) немесе ол жасап жүрген шабуылдарға қатысу
- Е. азаматтарға шабуыл жасау мақсатында тұрақты топ құру

155. «Адамды кепілге алудың» (ҚР ҚК 261-б.) «Адам ұрлаудан» (ҚР ҚК 125-б.) айырмашылығы:

- А. күш қолданбаумен
- В. бас бостандығынан айырудың қозғалысына қарай
- С. объективтік белгілерімен және арнайы мақсатымен
- Д. зардап бойынша
- Е. қылмыстың субъективтік белгілерімен

156. «Қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттар мен жарылыс құрылғыларын жымқыру не қорқытып алу» (ҚР ҚК 291-б.) қай қоғамдық қатынастарға жатады:

- А. жеке меншікке
- В. қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіп
- С. жеке адам
- Д. қоғамдық қауіпсіздік
- Е. басқару тәртібі

157. «Қоғамдық қауіпсіздікке жән қоғамдық тәртіпке қарсы

қылмыстық құқық бұзушылықтар» (ҚР ҚК Ерекше бөлім 10-т.)

жатады:

- А. өрт қауіпсіздік ережесін бұзу (ҚР ҚК 292 б.)
- В. ұрлық (ҚР ҚК 188 б.)
- С. тонау (ҚР ҚК 191 б.)
- Д. терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарлау (ҚР ҚК 273 б.), бұзақылық (ҚР ҚК 293)
- Е. әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік немесе діни араздықты қоздыру (ҚР ҚК 174 б.), қарулы бүлік (ҚР ҚК 181 б.)

158. «Жаппай тәртіпсіздіктердің» (ҚР ҚК 272-б.) «Бұзақылықтан» (ҚР ҚК 293-б.) айырмашылығы:

- А. объектісі, объективтік жағы және субъектісі
- В. тікелей объектісі және объективтік жағының белгілері бойынша
- С. кінә түрі бойынша
- Д. субъективтік жағы бойынша
- Е. жалпы объектісі бойынша

159. ҚР ҚК 288-б. «Қаруды заңсыз жасау» қылмысының заты болып табылады:

- А. оқ-дәрілер, жарылғыш заттар немесе жару құрылғылары
- В. дәрі дәрмек
- С. тек жарылғыш заттар немесе жару құрылғылары
- Д. атыс қаруын, оның жинақтаушы бөлшектері, оқ-дәрілер, жарылғыш заттар немесе жару құрылғылары
- Е. тек жару құрылғылары

160. «Радиоактивті заттарды, радиоактивті қалдықтарды немесе ядролық материалдарды жымқыру не қорқытып алу» (ҚР ҚК 284-б.) дегеніміз:

- А. пайдакүнемдік мақсатпен радиоактивті материалдарды оның иесіне не басқа біреуге шығын келтіре отырып кінәлі адамның немесе басқа адамның құқыққа қарсы қайтарымсыз алуы
- В. радиоактивті материалдарды беруді немесе күш қолданумен не масқаралайтын мәліметтерді таратумен не сол затты бұлдіру немесе жоюмен қорқыту
- С. радиоактивті материалдарды кез келген жолмен өткізу, яғни бұл заттар азаматтық айналымнан алынған
- Д. радиоактивті материалдарды сұрап алу
- Е. радиоактивті материалдарды тауып алу

161. «Терроризмді» (ҚР ҚК 255-б.) анықтау белгілері:

- А. кінә нысаны мен арнайы мақсаты
- В. ниет
- С. объективтік белгілері, кінә нысаны мен арнайы мақсаты
- Д. объектісі
- Е. субъектісі

162. Бандитизм аяқталған деп саналады:

- А. шабуыл жасаған сәттен бастап;
- В. зардаптардың туындаған сәтінен бастап;
- С. пайда болу сәтінен және оған қатысқан уақыттан бастап;
- Д. банданы құру сәтінен бастап;
- Е. қатысса жеткілікті:

163. Бандитизмнің субъективтік жағындағы кінәнің нысаны:

- А. тікелей және жанама қасақаналық;
- В. тікелей қасақаналық;

- С. жанама қасақаналық;
- Д. абайсыздық;
- Е. немқұрайдылық;

164. Адамды кепілге алудың объективтік жағы (ҚР ҚК 261-бабы):

- А. адамды кепілге алу;
- В. кепілге алынған адамдарды күштеп ұстау;
- С. адамды кепілге алу немесе кепілдік ретінде ұстау;
- Д. адам ұрлау, жарылыс жасау немесе өрт қою;
- Е. заңсыз бас бостандығынан айыру;

165. Адамды кепілге алу – ҚР ҚК 261-бабы – аяқталған деп саналады:

- А. кепілді босатқан сәттен бастап;
- В. адамды кепілге алған сәттен бастап;
- С. кепілге алу жоспарын толық құрған сәттен бастап;
- Д. мақсаттарына жеткен сәттен бастап;
- Е. дұрыс жауабы жоқ;

166. ҚР ҚК 267-бабы, 2-б. көзделген «Заңсыз әскерилендірілген құраманы ұйымдастырудың» объективтік жағы:

- А. Заңсыз әскерилендірілген құраманы құру (ұйымдастыру);
- В. Заңсыз әскерилендірілген құраманы басқару;
- С. Заңсыз әскерилендірілген құраманға қатысу;
- Д. Құраманың әскерилендірілгендігі;
- Е. дұрыс жауабы жоқ.

167. ҚР ҚК 262-бабында көзделген қылмыстың топтық объектісі:

- А. конституциялық құрылым;
- В. қоғамдық қауіпсіздік;
- С. дамдардың өмірі;
- Д. қоғамдық тәртіп;
- Е. халықтың адамгершілігі.

168. Қылмыстық қауымдастықтың ерекше белгісі болып танылмайды:

- А. бірлігі;
- В. жоғары деңгейдегі ұйымшылдық;
- С. мақсат – міндеттерінің әркелкілігі;
- Д. қауымдастықтың кейбір мүшелерінің арасындағы тығыз қатым-қатынас;
- Е. ауыр және аса ауыр қылмыстар жасау мақсатында құру;

169. ҚР ҚК 262-бабында көзделген қылмыстың субъектісі:

- А. кез келген есі дұрыс жеке тұлға;
- В. 14 жасқа толған кез келген есі дұрыс жеке тұлға;
- С. 16-ға толған кез келген есі дұрыс жеке тұлға;
- Д. 8-ге толған кез келген есі дұрыс жеке тұлға;
- Е. лауазымды адам.

170. Жаппай тәртіпсіздіктер /ҚР ҚК 272-бабы/ аяқталды деп саналады:

- А. Жаппай тәртіпсіздіктердің басталу сәтінен бастап;
- В. Жаппай тәртіпсіздіктердің аяқталған сәтінен бастап;
- С. құқыққорғау органдарының анықтаған сәтінен бастап;
- Д. Жаппай тәртіпсіздіктердің жоспарын өндегеннен бастап;

Е. адамдардың денсаулығына зиян келтіргеннен бастап.

171. Тағылықтың /ҚР ҚК 294-бабы/ заты болып табылмайды:

- А. ғимараттар;
- В. өзге үйлер;
- С. көліктегі мүлік;
- Д. мәйіттердің жерленген жерлері;
- Е. дұрыс жауабы жоқ.

172. Суық қарудың мақсаты:

- А. мақсатты механикалық жою.
- В. мақсатты өз күшінің көмегімен жою;
- С. мақсатты тығыздалған газ есебінен жою;
- Д. мақсатты қоздырғыш заттар арқылы жою;
- Е. қарсыласты қорқыту.

173. Атыс қаруын ұқыпсыз сақтау /ҚР ҚК 289-бабы/ дегеніміз:

- А. ашық сақтау;
- В. арнайы ережелерді бұзумен ұштасу;
- С. қол жетерлік сақтау;
- Д. заңсыз сақтау;
- Е. басқа адамның пайдалануы үшін жағдай туғызған ұқыпсыз сақтау;

174. ҚР ҚК 288-бабының 1-б. көзделген қаруды заңсыз жасаудың заты:

- А. атыс қаруы;
- В. атыс қаруының құрастырушы бөлшектері;
- С. оқ-дәрілер;
- Д. жарылғыш заттар мен жарылғыш қондырғылар;
- Е. барлық аталғандар;

175. ҚР ҚК 288-бабының 4-б. көзделген қаруды заңсыз жасаудың заты:

- А. атыс қаруы;
- В. атыс қаруының құрастырушы бөлшектері;
- С. оқ-дәрілер;
- Д. жарылғыш заттар мен жарылғыш қондырғылар;
- Е. газдық, суық және лақтырғыш қару.

176. Айналыстан алып қойылған заттардың немесе айналысы шектелген заттардың контрабандасы /ҚР ҚК 286-бабы/ қылмысының заты:

- А. есірткі құралдары;
- В. жүйкеге әсер ететін заттар;
- С. уландырғыш және т.б. заттар;
- Д. оқ-дәрілер, жарылғыш заттар.
- Е. аталғандардың кез келгені.

177. Есірткі заттардың заңсыз айналымымен байланысты қылмыстың объектісі не болып табылады:

- А. халықтың денсаулығы;
- В. адамгершілік;
- С. қоғамдық қауіпсіздік;
- Д. қоғамдық тәртіп;
- Е. адамзаттың қауіпсіздігі;

178. Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатында заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау тасымалдау, жөнелту не өткізу үшін (ҚР ҚК 297-б.) қылмыстық жауаптылық неше жастан басталады:

- А. кәмелеттік жасқа толғаннан бастап;
- В. 14 жас;
- С. 16 жас;
- Д. 15 жас;
- Е. 20 жас;

179. Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді жымқыру не қорқытып алудың объективтік жағы (ҚР ҚК 298 б.):

- А. есірткі заттарды немесе психотроптық заттарды қорқытып алу және сату
- В. есірткі заттарды немесе психотроптық заттарды ұрлау не қорқытып алу
- С. есірткі заттарды немесе психотроптық заттарды дайындау
- Д. есірткі заттарды немесе психотроптық заттарды ұқсату, жөнелту
- Е. есірткі заттарды немесе психотроптық заттарды ұрлау не тасымалдау

180. «Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді жымқыру не қорқытып алудың» (ҚР ҚК 298-б.) объектісі:

- А. жеке меншік
- В. халықтың денсаулығы мен адамгершілігі
- С. қоғамдық тәртіп
- Д. халықтың денсаулығы
- Е. қоғамға қауіптілік

181. ҚР ҚК 299-бабының 3-бөлігі - Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді тұтынуға көндіруде қандай сараланған белгі қаралған:

- А. күш қолдану;
- В. күш қолданамын деп қорқыту;
- С. бірнеше рет қайталау;
- Д. ауыр зардаптарға әкеп соқса;
- Е. абайсызда жәбірленушінің өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқса.

182. «Жезөкшелікпен айналысуға тарту» (ҚР ҚК 308-б.) жазаланады:

- А. әрекет үшін қылмыстық жазаға тартылмайды
- В. күш қолдану немесе күш қолданбақшы болып қорқытумен тарту
- С. тәуелді жағдайын пайдалану, бопсалау, мүлкін жою немесе бүлдіру арқылы
- Д. күш қолданбау арқылы тарту
- Е. тәуелді жағдайын пайдаланбау

183. ҚР ҚК 297-б. бойынша есірткі заттарды немесе психотроптық заттармен келесі әрекеттер жасағанда қылмыстың жауаптылық болады:

- А. кішігірім мөлшерде өткізу мақсатынсыз иемдену немесе сақтау
- В. сату мақсатымен көп мөлшерде заңсыз иемденіп алу, сату мақсатынсыз көп мөлшерде заңсыз иемденіп алу, тасымалдау немесе сақтау
- С. сату мақсатынсыз заңсыз иемденіп алу, тасымалдау немесе сақтау
- Д. өткізу мақсатында заңсыз сатып алу, тасымалдау немесе сақтау, дайындау, өңдеу, жөнелту не өткізу
- Е. өткізу мақсатынсыз ірі мөлшерде заңсыз сатып алу, тасымалдау немесе сақтау, дайындау, өңдеу, жөнелту не өткізу

184. ҚР ҚК 299-бап бойынша "Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді тұтынуға көндіру" деген не:

- А. басқа адамның тұтынуға қызығушылығын оятпайтын баяу әрекет
- В. басқа адамның тұтынуға қызығушылығын оятпауға ұсыныс жасау

- С. көнбеген және тұтынбаған екі немесе көп адамға қатысты
- Д. басқа адамның тұтынуға қызығушылығын оятуға бағытталған психикалық және физикалық күштеу
- Е. басқа адамның тұтынуға қызығушылығын оятуға бағытталған алдау

185. Құрамында есірткі заттар бар, өсіруге тыйым салынған өсімдіктерді заңсыз егіп-өсірудің белгілері (ҚР ҚК 300-б.):

- А. аталған өсімдіктерді егу;
- В. құрамында есірткі заттары бар өсімдіктерді егу немесе өткізу;
- С. құрамында есірткі заттары бар өсімдіктерді егу немесе өсіру, басқа сорттарын өсіру;
- Д. сораның сорттарын өсіру;
- Е. көкнәрдің сортын егу.

186. ҚР ЖСП 14.05.1998 ж. қаулысына сәйкес есірткі немесе психотроптық заттарды заңсыз дайындау болып не табылады:

- А. ұрлау не қорқытып алу арқылы есірткі заттарды алса
- В. кез-келген әдейі жасалған әрекет нәтижесінде белгілі бір есірткі зат тізімге енгізілген затқа айналдырылса
- С. сол есірткі заттардың формасын өзгертсе (ұстау, таблеткаға қалыптау, пилюли, плиткалар, пасталар т.б.)
- Д. притондарды ұйымдастырғаннан бастап
- Е. есірткі заттарды сатудан пайда тапса

187. (ҚР ҚК 302-б.) Есірткі, психотроптық заттарды, сол

текстестерді тұтыну үшін притондар ұйымдастыру немесе оларды ұстау және осы мақсаттар үшін үй-жайлар беру қылмысы қай уақытта аяқталған болып саналады:

- А. притондарды ұйымдастырғаннан бастап;
- В. егер адам әкімшілік жазадан кейін притондар ұйымдастырса, сол кезден бастап;
- С. есірткі заттарды әкелгеннен бастап;
- Д. ауыр зардаптар келгеннен бастап;
- Е. дайындалғаннан бастап;

188. ҚР ЖСП 14.05.1998 ж. қаулысына сәйкес, есірткі заттарды қолдануға кәмелетке толмағанды көндіргені үшін, ҚК 299 б.3.б. «а» т. бойынша қылмыс субъектісі кім:

- А. тек 18 жасқа толған тұлға
- В. тек он алтыға толған тұлға
- С. тек кәмелетке толған тұлға
- Д. тек он төртке толған тұлға
- Е. есі дұрыс кез келген тұлға

189. Санитарлық қағидаларды немесе гигиеналық нормативтерді бұзу кінәнің қай түрімен жасалынады (ҚР ҚК 304-б.):

- А. тікелей ниетпен;
- В. жанама ниетпен;
- С. абайсыздықта;
- Д. қасақаналық және абайсыздықта;
- Е. немқұрайдылықта;

190. Адамдардың өміріне немесе денсаулығына қауіп төндіретін мән-жайлар туралы ақпаратты жасырудың субъектісі:

- А. 14 жасқа толған адам;
- В. 16 жасқа толған адам;

- С. лауазымды тұлға;
- Д. 18 жасқа толған адам;
- Е. осындай ақпаратпен халықты хабарландыру міндеті жүктелген адам.

191. ҚР ЖСП 14.05.1998 ж. қаулысына сәйкес, кінәлі адам, сатып алушыны жаңылыстырып, есірткі заттар деп өзге заттарды өткізген жағдайда, қалай сараланады

- А. кінәлінің іс әрекеттері тонау деп саралануға жатады
- В. кінәлінің іс әрекеттері алаяқтық деп саралануға жатады
- С. кінәлінің іс әрекеттері ұрлық деп саралануға жатады
- Д. кінәлінің іс әрекеттері заңсыз иемдену деп саралануға жатады
- Е. есірткі немесе психотроптық заттарты өткізу болады

192. Қауіпсіздік талаптарына сай келмейтін тауарларды шығару немесе сату, жұмыстарды орындау не қызметтер көрсетудің тектік объектісі (ҚР ҚК 306-б.):

- А. тұтынушылардың өмірі мен денсаулығы;
- В. халықтың денсаулығы;
- С. ҚР экономикалық құрылысы;
- Д. мемлекеттік меншік;
- Е. ҚР жеке меншік.

193. Жезөкшелікпен айналысуға тартудың объективтік белгілері (ҚК 308-б.):

- А. жезөкшелікпен айналысуға тарту;
- В. әйелдің тәуелді жағдайын пайдалану;
- С. күш қолданумен қорқыту;
- Д. күш қолдану немесе күш қолданбақшы болып қорқыту;



тәуелді жағдайын пайдалану,  
бопсалау, мүлкін жою немесе  
бүлдіру арқылы не алдау жолымен;  
Е. бопсалау;

194. Есірткі, психотроптық  
заттарды, сол тектестерді тұтынуға  
көндірудің ниеті (ҚР ҚК 299-б.):

- А. пайдакүнемдік;
- В. өшпенділік;
- С. көреалмаушылық;
- Д. кез-келген ниет;
- Е. қызғаншақтық.

195. ҚР ҚК 309-бабы -  
жезөкшелікпен айналысуға  
арналған притондар ұйымдастыру  
немесе оларды ұстау және  
жеңгетайлық қылмысы аяқталған  
деп саналады:

- А. притондарды ұйымдастырғаннан  
бастап;
- В. притондарды ұстағаннан бастап;
- С. жеңгетайлықтан бастап;
- Д. жоғарыда аталғандардың біреуі  
жасалғаннан бастап;
- Е. дұрыс жауабы жоқ.

196. «Заңсыз аңшылықтың» (ҚР ҚК  
337-б. 1-бөлігінің.) бір белгісі  
болып табылады:

- А. елеулі зиян келтіру
- В. ірі зиян келтіру
- С. аса ірі зиян келтіру
- Д. аулауға толық тыйым салынған  
құстар мен аңдарға қатысты
- Е. өзінің қызмет бабын пайдалана  
отырып әрекет жасау

197. "Ағаштар мен бұталарды  
заңсыз кесу, жою немесе  
зақымдаудың" (ҚР ҚК 340-б.)  
объективтік белгілері:

- А. барлық топтағы ормандарда  
ағаштар мен бұталарды, сондай-ақ

орман қорына кірмейтін ағаштар  
мен бұталарды заңсыз кесу  
В. барлық топтағы ормандарда  
ағаштар мен бұталарды, сондай-ақ  
орман қорына кірмейтін ағаштар  
мен бұталарды бүлдіріп, одан әрі  
өсуін тоқтатып заңсыз кесу  
С. ірі зиян келтіріп  
Д. елеусіз зиян келтіріп  
Е. ерекше қорғалатын аймақта  
әрекет жасау

198. ҚР ҚК 332-бабындағы "Жерді  
бүлдірудің" объективтік жағы  
қалай беріледі:

- А) ластау, жерді бүлдіру
- В) жерді улау, ластау немесе улы  
химикаттарды, өсімдіктердің өсуін,  
өзге де қауіпті химиялық,  
радиоактивтік немесе биологиялық  
заттарды сақтау, пайдалану және  
көму кезінде оларды ұстау  
ережелерін бұзу салдарынан  
шаруашылық немесе адамның  
денсаулығына зиян келтіру
- С) жерді ластау немесе бос  
қалдыру
- Д) жерді шаруашылық әрекетпен  
улау, ластау немесе өзге де қауіпті  
химиялық, радиоактивтік немесе  
биологиялық заттарды сақтау,  
пайдалану, тасымалдау және көму  
кезінде оларды ұстау ережелерін  
бұзу немесе, адамның  
денсаулығына немесе қоршаған  
ортаға зиян келтіреді
- Е) комерциялық немесе өзге  
қызметтің зиянды өнімдерімен  
бүлдіру жердің табиғи  
қасиеттерінің нашарлауынан  
ластануына әкеп соқса

199. Атмосфераны ластау – ҚР ҚК 329-бабы, 3-б. – субъективтік жағы сипатталады:

А. ниет;

В. абайсыздық;

С. кінәнің аралас нысаны;

Д. жанама ниет.

Е. альтернативтік ниет.

200. ҚР ҚК 328-бабы - суларды ластау, қоқыстау немесе сарқудың субъективтік жағы:

А. тек тікелей қасақаналық;

В. немқұрайдылық;

С. кінәнің аралас нысанымен;

Д. абайсыздық;

Е. жанама ниетпен сипатталады;

201. Заңсыз аң аулаудың (ҚР ҚК 337-бабы) заты:

А. атыс қаруы;

В. атыс қаруы және жарылғыш заттар;

С. аңдар мен құстар;

Д. аулауға мүлдем тыйым салынған аң-құстар;

Е. балық;

202. 341-бап, 2-б. көзделген ормандарды жою немесе зақымдау субъективтік жағынан жасалуы мүмкін:

А. абайсыздықпен

В. тек тура ниетпен

С. тура немесе жанама ниетпен

Д. менмендікпен

Е. қасақаналық кінә

203. 344-бап. Темір жол, әуе немесе су көлігі жүрісі немесе оларды пайдалану қауіпсіздігі қағидаларын бұзудың тікелей объектісі не:

А. темір жол, әуе немесе су көлігі қозғалысы қауіпсіздігі

В. адам өмірі

С. адам денсаулығы

Д. жол қозғалысын ұйымдастыру

Е. дұрыс жауабы жоқ

204. 345-бапта көзделген көлік құралдарын басқаратын адамдардың жол жүрісі және көлік құралдарын пайдалану қағидаларын бұзуының диспозициясының түрі:

А. жай

В. сипаттаушы

С. сілтемелі

Д. бланкеттік

Е. дұрыс жауабы жоқ

205. 345-бап, 3-б. көзделген көлік құралдарын басқаратын адамдардың жол жүрісі және көлік құралдарын пайдалану қағидаларын бұзуында қандай зардаптар қарастырылған:

А. денсаулыққа ауыр зиян

В. көліктің қалыпты қозғалысын бұзу

С. орташа ауырлықтағы зиян

Д. екі немесе одан да көп адам өлімі

Е. жәбірленушінің өлімі

206. "Көлік құралдарын басқаратын адамдардың жол жүрісі және көлік құралдарын пайдалану

қағидаларын бұзуы" (ҚР ҚК 345-б. 1-бөлігі) үшін жауаптылық басталады:

- А. абайсызда адамның денсаулығына ауыр зиян келтірсе
- В. денсаулығына жеңіл зиян келтірсе
- С. абайсызда адамның өліміне әкелсе
- Д. абайсызда адамның денсаулығына ауыр немесе орташа ауырлықтағы зиян келтірсе
- Е. ауыр зиян келтірсе

207. «Жол-көлік оқиғасы болған жерден кетіп қалу» (ҚР ҚК 347-б.) қай уақыттан бастап аяқталды деп танылады:

- А. жәбірленушіні қауіпті жағдайда қалдырғаннан бастап
- В. ЖКО (ДТП) болған жерден кеткеннен бастап
- С. абайсызда адамның денсаулығына орта дәрежеде зиян келтіргеннен бастап
- Д. абайсызда адамның денсаулығына орта дәрежеде және ауыр зиян келтіргеннен бастап
- Е. абайсызда адамның денсаулығына жеңіл зиян келтіргеннен бастап

208. «Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтарға» (ҚК Ерекше бөлім 15-т.) жатады:

- А. заңсыз банктік қызмет
- В. заңды кәсіпкерлік қызметке кедергі жасау
- С. кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу
- Д. қызмет өкілеттігін теріс пайдалану

Е. жүктелген міндеттеріне адал қарамау

209. 345-бапта көзделген көлік құралдарын басқаратын адамдардың жол жүрісі және көлік құралдарын пайдалану қағидаларын бұзуындағы көлік құралдары дегеніміз не:

- А. автомобильдердің барлық түрі
- В. жүк көліктері
- С. тракторлар, мотоциклдер және өзге де өздігінен жүретін машиналар
- Д. қоғамдық транспорт
- Е. тасымалдау көліктері

210. 245-бап, 2-б. көзделген көлік құралдарын басқаратын адамдардың жол жүрісі және көлік құралдарын пайдалану қағидаларын бұзуының ауырлатушы белгісі:

- А. денсаулыққа ауыр зиян
- В. көліктің қалыпты қозғалысын бұзу
- С. орташа ауырлықтағы зиян
- Д. екі немесе одан да көп адам өлімі
- Е. жәбірленушінің өлімі

211. ҚР ҚК 347-бабы - Жол-көлік оқиғасы болған жерден кетіп қалғаны үшін жауаптылық қашан басталады:

- А. егер ЖҚ ережелерін бұзған адам ЖКО болған орыннан кетіп қалса
- В. егер ЖҚ ережелерін бұзған адам ауыр зардаптарға әкеп соққан ЖКО болған орыннан кетіп қалса

С. егер ЖҚ ережелерін бұзған адам оған әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін ЖКО болған орыннан кетіп қалса

Д. осы әрекеттер барысында денсаулыққа жеңіл зиян келтірілсе

Е. дұрыс жауабы жоқ

212. 348-бап. Көлік құралдарын сапасыз жөндеу немесе оларды техникалық ақауларымен пайдалануға шығарудың субъектісі:

А. көлік құралын жүргізуші адам

В. көлік құралдарының техникалық күйіне жауапты адам

С. жөндеуді нақты жүргізген адам

Д. ақауы бар көлік құралдарын пайдалануға берген олардың иегерлері

Е. дұрыс жауабы жоқ

213. 352-бап. Пойызды қажет болмаған жағдайда өз бетінше тоқтатудың субъективтік жағы:

А. қасақаналық

В. абайсыздық

С. тура ниет

Д. кінәнің аралас нысаны

Е. альтернативті ниет

214. 344-бап. Темір жол, әуе, теңіз немесе өзен көлігі жүрісі мен оларды пайдалану қауіпсіздігінің қағидаларын бұзудың субъектісі:

А. 16-ға толған адамдар

В. 18-ге толған адамдар

С. 14-ке толған адамдар

Д. лауазымды адамдар

Е. арнайы субъектілер

215. 345-бап, 1-б. көзделген көлік құралдарын басқаратын адамдардың жол жүрісі және көлік құралдарын пайдалану қағидаларын бұзуының зардаптары қандай:

А. абайсызда денсаулыққа жеңіл зиян келтіру

В. абайсызда жәбірленушінің қаза болуы

С. абайсызда денсаулыққа ауыр немесе орташа ауырлықтағы зиян келтіру

Д. көліктің қалыпты жұмысын бұзу

Е. ірі мөлшерде зиян келтіру

216. 345-бапта көзделген көлік құралдарын басқаратын адамдардың жол жүрісі және көлік құралдарын пайдалану қағидаларын бұзуының құрамы:

А. материалдық;

В. формальдық;

С. формальді-материалдық;

Д. ауырлатушы;

Е. келте.

217. ҚР ҚК 366-бабында қаралған – пара алу қылмысы аяқталған деп саналады:

А. параның жартысын алғанда;

В. келісілген әрекетті жасағаннан кейін;

С. әрекеттің орындалуына байланысты емес пара алу сәтінен бастап;

Д. жалпы қамқоршылығы немесе қызметі бойынша жол берсе;

Е. жоғарыда аталғандардың кез-келген белгісі.

218. ҚР ҚК 365-бабында Заңды кәсіпкерлік қызметке кедергі жасаудың ерекше сараланған құрамына жатпайды:

- А. жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам жасаса;
- В. аса ірі мөлшерде жасаса;
- С. ұйымдасқан топтың немесе қылмыстық қоғамдастықтың (қылмыстық ұйымның) мүддесінде жасаса;
- Д. спирттік ішімдігін ішкен лауазымды адам жасаса;
- Е. барлығы дұрыс.

219. Сыбайлас жемқорлық қылмыстарының зардаптары болып танылады:

- А. физикалық зардап;
- В. материалдық немесе моральдық зиян;
- С. материалдық, физикалық, ұйымдастырылған шығын немесе моральдық зардап;
- Д. материалдық шығын;
- Е. ірі материалдық шығын.

220. «Пара алудың» (ҚР ҚК 366-б.) «Параға коммерциялық сатып алудан» (ҚР ҚК 253-б.) айырмасы:

- А. объектісі бойынша
- В. субъектісі бойынша
- С. объективтік жағының қосымша белгілері бойынша
- Д. субъективтік жағының қосымша белгілері бойынша
- Е. субъективтік жағы бойынша

221. «Кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысуда» (ҚР ҚК 364-б.) кім жауаптылыққа тартылады:

- А. лауазымды тұлға

В. кез келген қызметкер

С. мемлекеттік функцияларды атқаруға уәкілеті жоқ адам

Д. лауазымды тұлға немесе кез келген қызметкер

Е. жауапты мемлекеттік қызмет атқаратын адам

222. «Билікті не лауазымдық өкілеттікті асыра пайдалану» (ҚР ҚК 362-б.):

А. мемлекеттік қызметтер атқаруға уәкілеті жоқ адамның өзінің өкілеттігі шегінен көрінеу асып кететін және азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін зиян келтіру

В. мемлекеттік қызметтер атқаруға уәкілеті жоқ адамның не оған теңестірілген адамның өзінің құқықтары мен өкілеттігі шегінен көрінеу асып кететін әрекеттер

С. мемлекеттік қызметтер атқаруға уәкілетті адамның өзінің құқықтары мен өкілеттігі шегінен асып кететін әрекеттер

Д. мемлекеттік қызметтер атқаруға уәкілетті адамның не оған теңестірілген адамның өзінің құқықтары мен өкілеттігі шегінен көрінеу асып кететін әрекеттер

Е. қызметкердің лауазымды адамның өкілеттілігін иемдену

223. «Пара алудың» (ҚР ҚК 366-б.) заты болып табылады:

А. ақша, құнды қағаздар, мүлік

В. марка және құнсыз қағаздар

С. ақша, құнды қағаздар, мүлік, мүлікке құқық, мүліктік сипаттағы пайда

Д. ақша, тегін қызметтер мен сыйлықтар

Е. құжаттар

224. «Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтардың» (ҚК Ерекше бөлім 15-т.) объектісі:

- А. заңды түрде қызметке жіберілетін лауазымды тұлғаның қызметтік міндеттері
- В. мемлекеттік қызметтегі адамның жеке басының мүдделері
- С. мемлекеттік қызмет және мемлекеттік басқару мүдделері мен мемлекеттік апараттық дұрыс жұмысы
- Д. мемлекеттік қызмет және мемлекеттік басқару жұмыстарын дұрыс ұйымдастырудың қоғамдық қатынастары
- Е. мемлекеттік басқару органдарының және коммерциялық ұйымдардың қызметін дұрыс ұйымдастырудың қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастар

225. Қылмыстық құқықта лауазымды тұлға болып танылады:

- А. ұйымдастырушылық-әкімшілік міндеттерді атқарушы тұлғалар;
- В. жеке меншік түрлері ұйымдарының қызметкерлері;
- С. кәсіби қызметтерді орындаушы тұлғалар;
- Д. мемлекеттік меншік түріндегі қызметерде жетекші лауазымын атқарушы тұлғалар;
- Е. дұрыс жауабы жоқ.

226. Параның ірі мөлшерде деп танылуы:

- А. 100 айлық есептік көрсеткішке тең;
- В. 200 айлық есептік көрсеткішке тең;

С. 500 айлық есептік көрсеткіштен асатын;

Д. 300 ең төменгі еңбекақы көлемінен асатын;

Е. 500 айлық есептік көрсеткішке тең.

227. ҚР ЖС 2015 жылғы 27 қарашадағы N 8 нормативтік қаулысына сәйкес параны алу, беру немесе паракорлыққа делдал болу қылмыстары бірнеше рет жасалған деп қай кезде есептелінеді:

- А. бір рет жасалынса;
- В. кемінде үш рет жасалынса;
- С. кемінде екі рет жасалынса;
- Д. кемінде төрт рет жасалынса;
- Е. барлығы дұрыс.

228. ҚР ҚК 362-бабының 2-бөлігіндегі билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдаланудың субъектісі:

- А. үкімет өкілі;
- В. мемлекеттік қызметкер;
- С. мемлекеттік емес мекемелердің жоғары лауазымды тұлғалары;
- Д. мемлекеттік органдарда ұйымдастырушылық-әкімшілік немесе әкімшілік-шаруашылық қызметтерді орындаушы адамдар;
- Е. лауазымды тұлғалар.

229. Пара алудың аса ірі мөлшері (ҚР ҚК 366-бабы):

А. 100 айлық есептік көрсеткішке тең;

В. 200 айлық есептік көрсеткішке тең;

С. 500 айлық есептік көрсеткіштен асатын;

Д. 300 ең төменгі еңбекақы көлемінен асатын;

Е. 2000 айлық есептік көрсеткіштен асатын.

230. Сыбайлас жемқорлық қылмыстарының тәртіп бұзушылықтан айырмасы:

- А. субъектісімен;
- В. кінә түрімен;
- С. келтірілген салдардың көлемімен;
- Д. қозғамымен (мотивімен);
- Е. құқық бұзушылық сипатымен.

231. (ҚР ҚК 371-б.) Салғырттықтың субъективтік жағы немен сипатталады:

- А. абайсыздық;
- В. тікелей ниетпен;
- С. жанама ниетпен;
- Д. кінәнің аралас түрімен;
- Е. ниетпен және абайсыздықпен де.

232. ҚР ЖС 1995 жылғы 22 желтоқсан N 9 нормативтік қаулысына сай, айғақ заттар болып танылған пара ретінде алынған ақша мен басқа құнды заттар қайда жіберіледі:

- А. жәбірленушіге қайтарылып беріледі;
- В. мемлекет кірісіне жатқызылады;
- С. кінәліге қайтарылады;
- Д. мемлекеттік органға жіберіледі;
- Е. жойылады.

233. Салақтықтың объективтік жағы:

- А. өзінің міндеттерін орындамау немесе лайықты орындамау;
- В. өзінің міндеттерін дұрыс орындамау;

С. өзінің міндеттерін уақытында орындамау;

Д. өкілеттілікті асыра пайдалану;

Е. жоғарыда аталғандардың барлығы.

234. Пара алу қарастырады:

- А. артықшылығы бар құрам;
- В. негізгі, ауырлататын және сараланған құрам;
- С. негізгі құрам;
- Д. негізгі, сараланған және ерекше сараланған құрам;
- Е. қылмыстың негізгі, сараланған және артықшылығы бар құрамы.

235. Параны қорқытып алу болып танылады, егер:

- А. азаматтардың көлемді құқықтары мен мүдделері бұзылса;
- В. азаматтардың заңды және заңсыз құқықтары бұзылса;
- С. азаматтардың тек мүдделері бұзылса;
- Д. қылмыстық заңнамада қаралмаған параны қорқытып алушылық;
- Е. азаматтардың заңсыз құқықтары мен мүдделері бұзылса.

236. Пара беру болып танылмайды, егер:

- А. сыйлықтың құны екі жүз айлық есептік көрсеткіштен асса;
- В. сыйлықтың құны екі айлық есептік көрсеткіштен аспаса;
- С. сыйлықтың құны екі жүз айлық есептік көрсеткіштен аспаса;
- Д. сыйлықтың құны екі айлық есептік көрсеткіштен асса;
- Е. азаматтардың заңсыз құқықтары мен мүдделері бұзылса.

237. Пара алу құрылымы бойынша:

- А. келте құрамды;
- В. материалды құрамды;
- С. формальды құрамды;
- Д. формальды – материалды құрамды;
- Е. баламалы құрамды.

238. ҚР ҚК 366-б., 2-бөлігі бойынша пара алудың субъектісі болып кім танылады:

- А. лауазымды тұлға;
- В. кез-келген мемлекеттік қызметкер;
- С. кез-келген лауазымды тұлға;
- Д. лауазымды және лауазымды емес тұлғалар да;
- Е. материалдық жауапты адам.

239. Пара алудың ерекше сараланған белгілері:

- А. қорқытып алу жолымен;
- В. адамдар тобының алдын ала сөз байласып немесе ұйымдасқан топ;
- С. ірі мөлшерде;
- Д. әлденеше рет жасалса;
- Е. барлығы дұрыс.

240. ҚР ҚК 378-бабы бойынша өкімет өкілі болып кім танылады:

- А. лауазымды тұлға;
- В. кез-келген мемлекеттік қызметкер;
- С. заңмен белгіленген тәртіпте өкім ету өкілеттігі берілген мемлекеттік органның лауазымды тұлғасы;
- Д. кез-келген лауазымды тұлға;
- Е. өкімет үйінің қызметкері.

241. ҚР Тұңғыш Президентін-Елбасын көпшілік алдында қорлау және оның абыройы мен қадір-қасиетіне қол сұғудың субъектісі:

- А. лауазымды тұлға;

В. кез-келген мемлекеттік қызметкер;

- С. кез-келген лауазымды тұлға;
- Д. 16 жастағы есі дұрыс жеке тұлға;
- Е. 14 жастағы есі дұрыс жеке тұлға.

242. ҚР ҚК 389-бабы - Өзінше билік етудің құрылысын анықтаңыз:

- А. материалды құрам;
- В. формальды құрам;
- С. келте;
- Д. аралас;
- Е. формальды - материалды;

243. ҚР ҚК 389-бабы - Өзінше билік етудің субъективтік жағы:

- А. тікелей ниет;
- В. жанама ниет;
- С. абайсыздық;
- Д. тура және жанама ниет;
- Е. немқұрайдылық.

244. «Өзінше билік етудің» (ҚР ҚК 389-б.) белгілері:

- А. Өзінің құқықтары мен өкілеттілігінен анық шығушы лауазымды тұлғаның әрекеті
- В. қызметтің мүддесінен тыс өзінің қызмет бабын пайдалану
- С. азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтарына немесе заңды мүдделеріне, не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі түрде зиян келтірсе
- Д. лауазымды тұлғаның өкілеттілігіне кірмейтін, лауазымды тұлға болып танылмайтын адамның мемлекеттік қызметті иеленуі
- Е. заңмен белгіленген тәртіпке қарамастан, басқа тұлғаның немесе



ұйымдардың таласын туғызатын,  
азаматтардың немесе ұйымдардың  
құқықтары

245. «Өкімет өкілін қорлау» (ҚР ҚК  
378-б.) танылады:

- А. өкімет өкілін жариялы түрде қорлау
- В. адамның денсаулығына зиян келтіргенде
- С. өзінің құқықтары мен өкілеттілігін теріс пайдалану
- Д. лауазымды тұлғаның өкілеттілігін асыра пайдалану кезінде
- Е. өкіметтің өкілін оның өз қызметтік міндеттерін немесе онымен байланысты қызметтерді орындау барысында

246. «Құжаттарды заңсыз алып қою, құжаттарды, мөртаңбаларды, мөрлерді жымқыру, жою, бүлдіру немесе жасыру» деп (ҚР ҚК 384-б.2-б.) танылады:

- А. араздың қатынастың салдарындағы әрекет
- В. төлқұжатты немесе жеке куәлікті ұрлау
- С. кек алу мақсатта немесе өзге де жеке бастың мүддесіне туындаған әрекеттер
- Д. мөр таңбаларды, немесе мөрлерді ұрлау, жою, бүлдіру немесе жасыру
- Е. ресми құжаттарды ұрлау, жою, бүлдіру немесе жасыру

247. "Жалған құжаттарды, мөртаңбаларды, мөрлерді, бланкілерді, мемлекеттік пошта төлемі белгілерін, мемлекеттік наградаларды қолдан жасау, дайындау немесе өткізу" (ҚК 385-б. 1-б.) болып танылады:

А. куәлікті немесе өзге де ресми құжатты өткізу

В. жалған құжатты көрінеу қолдану

С. Қазақстан Республикасының немесе КСРО-ның мемлекеттік наградаларын дайындамау

Д. куәлікті немесе өзге де ресми құжатты бүлдіру немесе жою

Е. құқықтар беретін немесе міндеттерден босататын куәлікті немесе өзге де ресми құжатты қолдан жасау

248. «Көрінеу кінәсіз адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту» (ҚР ҚК 412-б.) танылады:

А. соттың айыптау үкімін шығару

В. кінәсіз адамға кінәлі адам ретінде көрінеу жауапқа тарту туралы қаулы шығару

С. қылмыстың іс қозғау туралы қаулы шығару

Д. кінәсіз адамды көрінеу ауыр және аса ауыр қылмыстар жасады деп жауаптылыққа тарту

Е. үкімді орындау

249. «Көрінеу заңсыз ұстап алу, күзет пен қамауға алу немесе күзетпен ұстаудың» (ҚР ҚК 414-б.)

«Бас бостандығынан заңсыз айырудан» (ҚК 126-б.) айырмасы:

А. объектісі, объективтік жағы және субъектісі бойынша

В. субъективтік жағы бойынша

С. субъективтік жағының белгілері бойынша

Д. объективтік жағы, объектісі және субъектісі бойынша

Е. адамның жеке басы бойынша

250. «Көрінеу заңсыз ұстап алу, күзет пен қамауға алу немесе күзетпен ұстаудың» (ҚР ҚК 414-

б.1-б.) «Көрінеу заңсыз ұстап алу, күзет пен қамауға алу немесе күзетпен ұстаудың» (ҚК 414-б.2-б.) айырмасы:

- А. объектісі бойынша
- В. субъектісі және объективтік жағы бойынша
- С. субъективтік жағы бойынша
- Д. объективтік жағының факультативтік белгілері бойынша
- Е. объективтік жағы бойынша

251. «Сотты құрметтемеу» (ҚР ҚК 410-б.) болып танылады:

- А. сот төрешісін қорламау
- В. судьяны және (немесе) алқабиді қорламау
- С. сот талқылауының қатысушысы болып танылмайтын адамды қорлау
- Д. сот талқылауына қатысушыларды қорлау
- Е. прокурорды және сот талқылауна қатысқан қорғаушыны (адвокатты) қорлау

252. «Дәлелдемелерді және жедел-ізвестіру материалдарын бұрмалау» (ҚР ҚК 416-б.1-т.) ерекше сараланған белгілері:

- А. ауыр зардаптарға әкеп соқпаған айғақтарды бұрмалау
- В. қылмыстың іс бойынша ауыр қылмыстар туралы айғақтарды бұрмалау
- С. қылмыстың іс бойынша ауырлығы орташа және жеңіл қылмыстар туралы айғақтарды бұрмалау
- Д. қылмыстың іс бойынша ауыр немесе аса ауыр қылмыстар туралы, сол сияқты ауыр зардаптарға әкеп соққан айғақтарды бұрмалау

Е. азаматтың іс бойынша ауыр зардаптарға әкеп соққан айғақтарды бұрмалау

253. ҚР ҚК 421-бап бойынша жауап беру міндетінен босатылатын адамдар:

- А. сотталушы, күдікті, айыпталушы
- В. күдікті, айыпталушы
- С. жұбайының, зайыбының достары
- Д. жақын туыстары, дін қызметкерлері
- Е. жұбайы, зайыбы, жақын туыстары, дін қызметкерлері

254. «Көрінеу жалған сөз жеткізудің» (ҚР ҚК 419-б.) «Жала жабудан» (ҚР ҚК 130-б.) айырмасы:

- А. объектісі және объективтік жағы бойынша
- В. субъектісі бойынша
- С. объективтік жағы бойынша
- Д. объектісі және субъектісі бойынша
- Е. субъективтік жағы бойынша

255. "Қылмысты жасырып қалуда" (ҚР ҚК 432-б.) ҚР қолданыстағы қылмыстың заңнама бойынша жауаптылыққа тартылады:

- А. ауыр немесе аса ауыр қылмысты алдын ала уәде берместен жасыру
- В. аса ауыр қылмысты алдын ала уәде берместен жасыру
- С. қылмыстың барлық түрін алдын ала уәде берместен жасыру
- Д. ауырлығы орташа, ауыр немесе аса ауыр қылмысты алдын ала уәде берместен жасыру
- Е. қылмыстарды жасырғаны үшін жазаланбайды

256. Аталған адамдардың қайсысы «қашқындықтың» (ҚР ҚК 442-б.) субъектісі болып танылады:

- А. 18 жасқа толған адам
- В. әскери қызметті шақыру және келісім шарт бойынша өтеуші әскери адам
- С. запастағы әскери адам
- Д. ҚР азаматы, азаматтығы жоқ адам
- Е. әскери қызметті келісім шарт бойынша өтеуші әскери адам

257. «Бұйрыққа бағынбау немесе оны өзгедей орындамау» (ҚР ҚК 437-б.) болып танылады:

- А. бастықтың бұйрығын орындаудан ашық бас тарту
- В. қызмет мүддесіне елеулі зиян келтіру
- С. жарғыдан тыс жағдайда бастықтың бұйрығын бағыныштының қасақана орындамауы
- Д. бастықтың белгіленген тәртіпте берілген бұйрығын әдейі орындауы
- Е. қызмет мүддесіне елеулі емес зиян келтіру

258. «Әскери қызметшілер арасында бағыныштылық қатынастар болмаған кезде олардың арасындағы өзара қарым-қатынасының жарғылық қағидаларын бұзу» (ҚР ҚК 440-б.1-б.) танылады:

- А. жәбірленушінің психикасын бұзылуға әкеп соғатын дене жарақатын келтіру
- В. жәбірленушіні азаптау
- С. ұрып-соғу, денсаулыққа жеңіл зиян келтіру немесе өзге күш қолдану

Д. жәбірленушінің денсаулығына ауыр немесе ауырлығы орташа зиян келтіру

Е. ар-ожданы мен қадір-қасиетін кемсіту немесе жәбірленушіні масқаралауды қолдану

259. «Көрінеу жалған сөз жеткізудің» (ҚР ҚК 419-б.) «Жала жабудан» (ҚР ҚК 130-б.) айырмасы:

- А. объектісі және объективтік жағы бойынша
- В. субъектісі бойынша
- С. объективтік жағы бойынша
- Д. объектісі және субъектісі бойынша
- Е. субъективтік жағы бойынша

260. «Қылмысты жасырып қалуда» (ҚР ҚК 432-б.) Қазақстан Республикасының қолданыстағы қылмыстық заңнама бойынша жауаптылыққа тартылады:

- А. ауыр немесе аса ауыр қылмысты алдын ала уәде берместен жасыру
- В. аса ауыр қылмысты алдын ала уәде берместен жасыру
- С. қылмыстың барлық түрін алдын ала уәде берместен жасыру
- Д. ауырлығы орташа, ауыр немесе аса ауыр қылмысты алдын ала уәде берместен жасыру
- Е. қылмыстарды жасырғаны үшін жазаланбайды

261. Аталған адамдардың қайсысы «қашқындықтың» (ҚР ҚК 442-б.) субъектісі болып танылады:

- А. 18 жасқа толған адам
- В. әскери қызметті шақыру және келісім шарт бойынша өтеуші әскери адам
- С. запастағы әскери адам

Д. ҚР азаматы, азаматтығы жоқ адам

Е. әскери қызметті келісім шарт бойынша өтеуші әскери адам

262. Өзінше билік етудің бұзақылықтан қандай құрамы бойынша ажыратылады:

- А. объектісі бойынша;
- В. объективтік белгісі бойынша;
- С. субъективтік белгісі бойынша;
- Д. субъектісі бойынша;
- Е. тәсілі бойынша;

263. ҚР ҚК 380-бабы - Өкімет өкіліне қатысты күш қолдану болып танылады:

- А. халық жасағына;
- В. салық инспекция қызметкеріне;
- С. қоғамдық тәртіпті сақтау бойынша міндетін атқарушы әскери адамға;
- Д. мемлекеттік қызметкерге;
- Е. басқа адамдарға.

264. 381б, Прокурордың қызметіне кедергі жасау және оның заңды талаптарын орындамаудың объективтік жағы:

- А. прокурордың өтініштеріне салақтықпен қарау және оны орындамау;
- В. прокурордың үкімдерін орындаудан үзілді-кесілді бас тарту;
- С. прокурорлық қадағалау актілерін орындамау, қызметіне кедергі жасау егер елеулі зиян келтіруге әкеп соқса;
- Д. прокурорлық қадағалау актілерін орындамау, қызметіне кедергі жасау егер елеулі зиян келтіруге әкеп соқпаса;
- Е. прокурордың өтініштерін өкімет өкілінің орындамауы.

265. (ҚР ҚК 387-б.) Әскери қызметтен жалтару аяқталды деп саналады:

- А. себепсіз шақыру пунктіне келмегеннен бастап;
- В. әскерге шақырылушы өзінің денсаулығына зиян келтіргеннен бастап;
- С. ауруын сылтауратудан бастап;
- Д. ауруына байланысты шақыру пунктіне келмегеннен бастап;
- Е. дұрыс жауабы жоқ.

266. (ҚР ҚК 387-б.) Қандай жағдайда әскери қызметтен жалтарғаны үшін жауаптылықтан босатылады:

- А. себепсіз шақыру пунктіне келмесе;
- В. әскерге шақырылушы өзінің денсаулығына зиян келтірсе;
- С. ауруын сылтауратса;
- Д. тергеу органы істі сотқа бергенше әскерге шақыру пунктіне өз еркімен келсе;
- Е. дұрыс жауабы жоқ.

267. Билік өкілінің қызметтік жұмысы туралы сын тұрғысында айтылған жария сөздер ҚР ҚК 378-б. бойынша жауаптылыққа әкеп соқтырады ма:

- А. жауаптылыққа әкеп соқтырады;
- В. жауаптылыққа әкеп соқтырмайды;
- С. көпшілікке жарияланса жауаптылыққа тартылады;
- Д. теледидар арқылы айтылса жауаптылыққа соқтырады;
- Е. радио арқылы айтылса жауаптылыққа соқтырады.

268. 381 б, Прокурордың қызметіне кедергі жасау және оның заңды

талаптарын орындамау қандай құрамды құрайды:

- А. формалды;
- В. келте;
- С. материалды;
- Д. аралас;
- Е. барлығы дұрыс.

269. (ҚР ҚК 390-б.) Билік өкілінің немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын лауазымды адамның атағын өз бетімен иемденіп алу үшін жауаптылық:

- А. әкімшілік құқық бұзушылық жасағанда;
- В. тәртіптік құқық бұзушылық жасағанда;
- С. азаматтық-құқықтық бұзушылық жасағанда;
- Д. қылмыс жасағанда;
- Е. дұрыс жауабы жоқ.

270. 391-б, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын заңсыз көтерудің объективтік жағы:

- А. ҚР Мемлекеттік туын сауда көлігінде заңсыз көтеру;
- В. ҚР Мемлекеттік туын сауда кемесінде заңсыз көтеру;
- С. ҚР Мемлекеттік туын сауда орындарында заңсыз көтеру;
- Д. ҚР Мемлекеттік туын сауда ұшағында заңсыз көтеру;
- Е. ҚР Мемлекеттік туын сауда жәрменкесінде заңсыз көтеру.

271. (ҚР ҚК 378-б.) Билік өкілін қорлаудың объективтік жағы сипатталады:

- А. өкімет өкілін өзінің жеке мүддесі үшін қорлау;

В. өкімет өкілін оның өз қызметтік міндетін атқару кезінде жария қорлау;

С. өкімет өкілін өзінің жеке мүддесі үшін жария қорлау;

Д. өкімет өкілін бұзақылық ниетпен ар-ұжданын және қадір-қасиетін қорлау;

Е. дұрыс жауабы жоқ.

272. (ҚР ҚК 389-б.) Өзінше билік ету:

- А. формальды құрам;
- В. материалды құрам;
- С. келте құрамды;
- Д. аралас құрамды;
- Е. дұрыс жауабы жоқ.

273. (ҚР ҚК 372-б.) Мемлекеттік рәміздерді қорлауда қылмыстық жауаптылық қай жастан басталады:

- А. 14 жастан;
- В. 16 жастан;
- С. 18 жастан;
- Д. 20 жастан;
- Е. 15 жастан;

274. (ҚР ҚК 390-б.) Билік өкілінің немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын лауазымды адамның атағын өз бетімен иемденіп алу қылмыс болып танылады:

- А. баптың диспозициясында берілген әрекеттерді жасағанда;
- В. офицерлік атағын иеленгенде;
- С. осы қылмыстың негізінде сопряженных с совершением баптың диспозициясында берілген әрекеттерді жасағанда;
- Д. бұрын адам осындай әрекеті үшін әкімшілік жауаптылыққа тартылса;

Е. берілген билікті теріс пайдаланса.

275. ҚР Мемлекеттік туын, Мемлекеттік елтаңбасын немесе Мемлекеттік гимннің қорлаудың құрылымы бойынша объективтік жағы боып:

- А. келте құрам;
- В. формальды құрам;
- С. формальды- материалды құрам;
- Д. материалды құрам;
- Е. баламалы құрам.

276. ҚР ҚК 408-бабына байланысты қылмыстар (Сот төрелігін немесе сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның өміріне қол сұғу) аяқталған деп саналады:

- А. сол адамдарды өлтірген жағдайда;
- В. өлтіруге дайындалған жағдайда;
- С. денсаулығына ауыр зиян келтірген жағдайда;
- Д. өлтіруге оқталған жағдайда;
- Е. аталған адамдардың өміріне нақты қауіп төндіріп қол сұғушылық жасаған жағдайда;

277. Қылмысты жасырудың құрамы қалай құрылған:

- А. материалды;
- В. формальды;
- С. келте;
- Д. формальды-материалды;
- Е. сараланған.

278. Қылмыс туралы хабарламағаны үшін кімдер

қылмыстық жауаптылықтан босатылады:

- А. жұмыстағы әріптестері;
- В. жақын адамдары;
- С. жұбайы (зайыбы) және жақын туыстары;
- Д. жұбайы (зайыбы) және жақын туыстары, діни қызметшілер;
- Е. тек діни қызметші.

279. Қандай жағдайларда ҚР ҚК 321-бабында көзделген куәгердің немесе жәбірленушінің жауап беруден бас тартуы жауаптылыққа әкеп соқпайды:

- А. ауруына байланысты;
- В. жұмыстан босамағандығына байланысты;
- С. туысқандарының ауруына байланысты;
- Д. субъективтік себептерге байланысты;
- Е. жұмыстағы басшылардың тыйым салуына байланысты;

280. ҚР ҚК 412-бабына сәйкес көрінеу кінәсіз адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту аяқталды деп саналады:

- А. қылмыстық іс қозғаған кезде;
- В. айып тағы кезінде;
- С. айыптау қорытындысын шығарған кезде;
- Д. тергеу аяқталған соң;
- Е. дұрыс жауабы жоқ;

281. Көрінеу жалған сөз жеткізудің (ҚР ҚК 419-бабы) заты:

- А. жәбірленушіні қорлайтын мәліметтер;
- В. жалған емес, бірақ белгілі бір адамды қорлайтын мәліметтер;
- С. жалған, бірақ қылмыскердің жеке тұлғасын көрсетпей-ақ

қылмысқа нақ қатысы бар  
мәліметтер;

Д. жалған бірақ кінәлінің жеке  
тұлғасын көрсететін мәліметтер;

Е. дайындалып жатқан немесе  
жасалған қылмыстар туралы  
мәліметтер;

282. ҚР ҚК 414 бабы - көрінеу  
заңсыз ұстап алу, күзетпен қамауға  
алу немесе күзетпен ұстаудың  
субъектісі:

А. сот - судья;

В. прокурор;

С. прокурор, тергеуші;

Д. анықтау органдарының  
қызметкерлері;

Е. азаматтар;

283. ҚР ҚК 346-бабы - көрінеу  
заңсыз ұстау, қамауға алу немесе  
қамауда ұстаудың қосымша  
объектісін анықтау:

А. сот төрелігі органының қалыпты  
қызметі;

В. құқыққорғау органдарының  
қалыпты қызметі;

С. жәбірленушінің бостандығы;

Д. қоғамдық тәртіп;

Е. жәбірленушінің денсаулығы;

284. Сот үкімін, сот шешімін  
немесе өзге де сот актісін  
орындамаудың құрамы (ҚР ҚК 430-  
бабы):

А. материалдық;

В. формальдық;

С. келте;

Д. негізгі;

Е. материалдық-формальдық;

285. 409-бап. Сот төрелігін жүзеге  
асыруға немесе сотқа дейінгі  
тергеп-тексеруді жүзеге асыруға  
байланысты қорқыту немесе күш  
көрсету әрекеттерінің субъективтік  
жағы:

А. жанама қасақаналық;

В. тікелей қасақаналық;

С. анықталмаған қасақаналық;

Д. кенеттен пайда болған ниет;

Е. абайсыздық;

286. Көрінеу жалған сөз жеткізудің  
/419-бап/ жала жабудан /130-бап/  
айырмашылығы:

А. объектісінде;

В. объектісі мен объективтік  
жағында;

С. субъектісінде;

Д. ниетінің мазмұнында;

Е. субъективтік жағында;

287. Сот төрелігін жүзеге асыруға  
және сотқа дейінгі тергеп-тексеруді  
жүргізуге кедергі жасауда /ҚР ҚК  
407бабы/ кінәден басқа  
субъективтік жағының қандай  
белгісін анықтау керек:

А. себеп;

В. мақсат;

С. эмоция;

Д. ниет;

Е. абайсыздық;

288. Сот төрелігін жүзеге асыруға  
және сотқа дейінгі тергеп-тексеруді  
жүргізуге кедергі жасаудың /ҚР ҚК

407-бабы/ объективтік жағы  
мынадай нысанда болуы мүмкін:

- А. қорқыту;
- В. өтініш;
- С. сотқа істі шешу үшін талап қою;
- Д. митинг, жиналыстар ұйымдастыру;
- Е. сот төрелігін жүзеге асыруға кедергі жасау мақсатында соттың қызметіне қандай да болмасын нысанда араласу.

289. Сот төрелігін жүзеге асыруға және сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізуге кедергі жасаудың /ҚР ҚК 407-бабы/ субъектісі:

- А. кез келген адам;
- В. 16-ға толған есі дұрыс жеке адам;
- С. 14-ке толған есі дұрыс жеке адам;
- Д. 18-ге толған есі дұрыс жеке адам;
- Е. лауазымды адам.

290. Айыптау үкімін шығарған соттың өміріне қастандық жасалды. Оны қалай саралау керек:

- А. өкімет өкіліне қатысты күш қолдану – 380-бап;
- В. өлтіруге оқталу – 99-бап, 2-б., «б»;
- С. сот төрелігін немесе алдын ала тергеуді жүзеге асырушы адамның өміріне қол сұғу – 408-бап;
- Д. денсаулыққа ауыр зиян келтіру – 106-бап;
- Е. кек алу мақсатында өлтіру – 99-бап.

291. 412-бап. Көрінеу кінәсіз адамды қылмыстық жауаптылыққа тартудың негізгі объектісі:

- А. прокуратура, сот, тергеу және анықтау органдарының қалыпты қызметі;
- В. жәбірленушінің заңды мүдделері;
- С. жеке бостандық;
- Д. қызметтік және материалдық мүдделер;
- Е. жеке тұлға;

292. 412-бап, 2-б. көзделген көрінеу кінәсіз адамды қылмыстық жауаптылыққа тартқаны үшін жауаптылық басталады:

- А. онша ауыр емес және орташа қылмыс жасады деп айыптаумен ұштасқан;
- В. орташа;
- С. ауыр және аса ауыр;
- Д. аса ауыр және орташа;
- Е. ауыр;

293. 459-бап. Әскери мүлікті қасақана жою немесе бүлдірудің заты:

- А. қару, оқ-дәрілер
- В. жүру құралдары
- С. әскери техника
- Д. әскери мүлік
- Е. аталғандардың кез келгені

294. Тонау барысындағы зорлаудың түсінігі:

- А. соққылар мен жарақаттар.
- В. жәбірленушіні байлау.



С. денсаулық пен өмірге қауіпсіз кез-келген зорлау.

Д. адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіпті зорлау.

Е. денсаулыққа жеңіл зиян келтіру.

295. 2003 жылғы 11 маусымдағы ҚР ЖС нормативтік қаулысында жасырын түрде жасалынды деп не айтылған:

А. жәбірленуші немесе мүлік қарамағында немесе күзетуінде тұрған адамдар бар кезде не бөгде адамдардың көзінше ұрлау

В. егер кінәлі адам айналасындағылар үшін өзі байқатпай әрекет жасадым деп санаса, көріп тұрған оның қылмыстық сипатын түсінбеген жағдайларда да

С. мүліктің иесі көріп тұрады

Д. уақытша пайдалану үшін бөтеннің мүлкін заңсыз алып қою

Е. иеленіп алу немесе ысырап ету, яғни кінәлі адамға сеніп тапсырылған бөтен мүлікті ұрлау.

296. Қарақшылық (ҚР ҚК 192 б.) аяқталды деп саналады:

А. тек қана шабуыл жасау сәтінен кезден

В. бөтеннің мүлкін алған кезден

С. бөтеннің мүлкін ұстап қалған кезден

Д. шабуыл жасау сәтінен

Е. зардабының пайда болуы қажет

297. Талан-тараждың түріне жататын қылмыстарды көрсетіңіз (ҚР ҚК Ерекше бөлім 6-т.):

А. ұрлық, тонау

В. алаяқтық

С. зорлау

Д. терроризм

Е. қорқытып алушылық

298. Талан-тараждың түріне жатпайтын қылмыстарды көрсетіңіз (ҚР ҚК Ерекше бөлім 6-т.):

А. тонау

В. ұрлық

С. алаяқтық

Д. автомобильді немесе өзге де көлік құралдарын ұрлау мақсатынсыз заңсыз иелену

Е. пара алу

299. «Қорқытып алудың» (ҚР ҚК 194-б.) объективтік жағының белгілері:

А. бөтен мүлікті иелену

В. күш қолдану не бөтеннің мүлкін жою немесе бүлдіру қатерін төндіру

С. дене және психикалық мәжбүрлеуді қолданған уақыттан бастап

Д. жәбірленушіні немесе оның жақындарын масқаралайтын мәліметтерді тарату қатерін төндіріп бөтеннің мүлкін немесе мүлікке құқықты беруді талап ету

Е. дене және психикалық күш қолданған уақыттан бастап

300. «Қарақшылықтың» (ҚР ҚК 192-б.) «Ерекше құндылығы бар заттарды жымқыру» (ҚР ҚК 193-б.) айырмашылығы:

А. қылмыстың объектісі бойынша

В. қылмыстың объективтік жағының белгісі бойынша

С. қылмыстың заты бойынша

Д. қылмыстың субъективтік жағы бойынша

Е. қылмыстың барлық құрамының элементтері бойынша

## Жазба жұмыстарының тақырыптары

1. Аса қатыгездікпен адам өлтірудің қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
2. Бұзақылық ниетпен адам өлтірудің қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
3. Қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде денсаулыққа ауыр зиян келтірудің қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
4. Аффект жағдайында денсаулыққа зиян келтірудің қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
5. Қылмыс жасаған адамды ұстау кезінде денсаулыққа ауыр зиян келтірудің қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
6. Соз ауруын жұқтырудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
7. Кәмелетке толмаған адамды қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға тартудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
8. Баланы ауыстырудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы..
9. Баланы асырап алу құпиясын жария етудің қылмыстық-құқықтық сипаттамасы..
10. Қорғаншы немесе қамқоршы құқықтарын теріс пайдаланудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
11. Кәмелетке толмағандар саудасының қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
12. Жеке өмірге қолсұғылмаушылықты және Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасын бұзу.
13. Хат жазысу, телефонмен сөйлесу, почта, телеграф хабарларының немесе өзге хабарлар құпиясын заңсыз бұзудың сипаттамасы.
14. Сайлау құжаттарын, референдум құжаттарын бұрмалау немесе дауыстарды қате есептеу.
15. Жиналыс, митинг, бой көрсету, шеру өткізуге, пикет жасауға немесе оларға қатысуға кедергі жасау.
16. Журналистің заңды кәсіптік қызметіне кедергі келтіру.
17. Басқыншылық соғысты жоспарлау, дайындау, тұтандыру немесе жүргізу
18. Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздыру
19. Жаппай қырып-жою қаруын өндіру, иемдену немесе өткізу
20. Мемлекетке опасыздық жасау
21. Тыңшылық
22. Сепаратистік әрекет
23. Ұрлықтың сипаттамасы.
24. Алаяқтықтың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
25. Ұрлықтың тонаудан айырмашылығы.
26. Тонаудың қарақшылықтан айырмашылығы.
27. Сеніп тапсырылған мүлікті иемдену және ысырап ету.
28. Ерекше құнды заттарды ұрлау
29. Заңсыз кәсіпкерлік, заңсыз банктік қызмет.
30. Банкроттықпен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар

31. Жалған ақша немесе бағалы қағаздар жасау, сақтау, алып өту немесе өткізудің қауіптілігі.
32. Қаржы валюта заңдылықтары саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар
33. Салық және басқа да міндетті төлемдер төлеуден жалтарудың зардабы.
34. Рейдерлік
35. Ақпаратқа, ақпараттық жүйеге немесе ақпараттық-коммуникациялық желіге құқыққа сыйымсыз қол жеткізудің қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
36. Қолжетімділігі шектелген электрондық ақпараттық ресурстарды құқыққа сыйымсыз тарату саралану мәселелері.
37. Өкілеттіктерді теріс пайдалану қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
38. Параға коммерциялық сатып алу
39. Міндеттеріне адал қарамау
40. Терроризм актісінің сипаттамасы.
41. Адамды кепілге алудың сипаттамасы.
42. Трансұлттық ұйымдасқан топ, трансұлттық қылмыстық ұйым құру және оларға басшылық ету, сол сияқты оларға қатысудың сипаттамасы
43. Жаппай тәртіпсіздіктер саралану мәселелері.
44. Радиоактивті заттармен, радиоактивті қалдықтармен, ядролық материалдармен заңсыз жұмыс істеудің сипаттамасы.
45. Қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды және жарылыс құрылғыларын заңсыз иемдену, беру, өткізу, сақтау, тасымалдау немесе алып жүрудің сипаттамасы.
46. Қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттар мен жарылыс құрылғыларын жымқыру не қорқытып алудың сипаттамасы.
47. Бұзақылықтың сипаттамасы.
48. Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді жымқыру не қорқытып алудың сипаттамасы.
49. Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді тұтыну үшін притондар ұйымдастыру немесе оларды ұстау және осы мақсаттар үшін ұй-жайлар берудің сипаттамасы.
50. Заңсыз ойын бизнесін ұйымдастырудың сипаттамасы.
51. Жезөкшелікпен айналысуға тартудың сипаттамасы.
52. Кәмелетке толмағандардың порнографиялық бейнелері бар материалдарды немесе заттарды дайындау және олардың айналымы не оларды порнографиялық сипаттағы ойын-сауық іс-шараларына қатысу үшін тартудың сипаттамасы.
53. Заңсыз түсік жасаудың сипаттамасы.
54. Науқасқа көмек көрсетпеудің сипаттамасы.
55. Экологиялық тұрғыдан әлеуетті қауіпті химиялық немесе биологиялық заттармен жұмыс істеу кезінде экологиялық талаптарды бұзудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
56. Атмосфераны ластаудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.

57. Қазақстан Республикасының континенттік қайраңы және Қазақстан Республикасының айрықша экономикалық аймағы туралы заңнаманы бұзудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
58. Балық қорларын қорғау қағидаларын бұзудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
59. Заңсыз аңшылықтың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы..
60. Ормандарды жою немесе зақымдаудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
61. Көлік құралдарын басқаратын адамдардың жол жүрісі немесе көлік құралдарын пайдалану қағидаларын бұзудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
62. Жол-көлік оқиғасы болған жерден кетіп қалудың қауіптілігі.
63. Көлікте қолданылатын қағидаларды бұзудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
64. Халықаралық ұшу қағидаларын бұзудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
65. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар субъектісінің ұғымы.
66. Сыбайлас жемқорлықтың ұғымы.
67. Лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдаланудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
68. Билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдаланудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
69. Лауазымды адамның өкілеттіктерін иемденіп алудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
70. Кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
71. Заңды кәсіпкерлік қызметке кедергі жасаудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
72. Пара алудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
73. Пара берудің қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
74. Парақорлыққа делдал болудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
75. Қызметтік жалғандық жасаудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
76. Қызметтегі әрекетсіздіктің қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
77. Салғырттықтың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
78. Мемлекеттік рәміздерді қорлаудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
79. Қазақстан Республикасы Президентінің абыройы мен қадір-қасиетіне қол сұғу және оның қызметіне кедергі жасаудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
80. Билік өкілін қорлаудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
81. Билік өкіліне қатысты күш қолданудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
82. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қасақана

заңсыз кесіп өтудің қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.

83. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын құқыққа қайшы өзгертудің қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.

84. Жалған құжаттарды, мөртабандарды, мөрлерді, бланкілерді, мемлекеттік пошта төлемі белгілерін, мемлекеттік наградаларды қолдан жасау, дайындау немесе өткізудің қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.

85. Жұмылдыруға шақырылудан жалтарудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.

86. Өзінше билік етудің қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.

87. Ақпаратты жасырын алудың арнайы техникалық құралдарын заңсыз дайындау, жасау, иемдену, өткізу немесе пайдаланудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.

88. Көрінеу кінәсіз адамды қылмыстық жауаптылыққа тартудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.

89. Көрінеу заңсыз ұстап алу, күзетпен қамауға алу немесе күзетпен ұстаудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.

90. Айғақтар беруге мәжбүрлеудің қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.

91. Сот төрелігін немесе сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыруға байланысты қорқыту немесе күш көрсету әрекеттерінің қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.

92. Сотты құрметтемеудің қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.

93. Қылмыстық құқық бұзушылықты жасырудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.

94. Бас бостандығынан айыру орындарынан, қамақтан немесе күзетпен ұстаудан қашудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.

95. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарға сот белгілеген әкімшілік қадағалаудан жалтарудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.

